

ЕРТЕҢ БҮГІННЕН ДЕ ЖАҚСЫ БОЛАДЫ...

Сарқылмасын Сыр - Ана!



САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Биылғы жылдың 23 тамызында өтетін “Құрылтай” сайлауының болғанынан, боладысы да қызық болып тұр.

Күні бүгінге дейін Құрылтайдан дәмесі бар саяси партиялардың бәрі съездерін өткізіп, үміткерлерін үкілеп, олардың тізімін мерзімінде 13 шілдеге дейін Орталық сайлау комиссиясына ұсынып үлгерді. Сонымен ертеңгі дауыс беру барысында еліміздің заң шығарушы жаңа бір палаталы органына 145 депутат сайлануға тиіс.

Орталық сайлау комиссиясының ресми дерегіне сүйенер болсақ, 7 партиядан ұсынылған барлық үміткерлер саны 546. “Ақ жол” партиясы 63, “Ауыл” партиясы 69, “Әділет” партиясы 186, “Байтақ” партиясы 47, “Қазақстан” халық партиясы 72, “Жалпыұлттық социал-демократиялық” партиясы 33, “Республика” партиясы 76 үміткер ұсынған.

Үміткердің ең көбі “Әділет” партиясында, ең азы “Жалпыұлттық социол-демократиялық” партиясында. Кәсіпкерлер күш біріктірген “Республика” үміткерлер саны жөнінен (76) II-ші орында тұр. Әншісі бар, блогері бар, басқасы бар “Қазақстан” халық партиясы да біраз үміткерлер ұсынып III-ші орынға шығып тұр. Ауылдықтардың тұрмысын жақсартуға, ауыл өндірісін ерлетуге қыруар қаржы бөлініп жатқанымен “Ауыл” үміткерлер саны жөнінен IV-ші орында қалып тұр. Бұған дейін кәсіпкерлер партясы болып күш алған “Ақжолға”, “Республика” балама болғаннан ба “Ақ Жол” да 63 үміткерімен V-ші болып тұр. Сайлау басын көп жұрттың съезіне кіргізбеді деп байбалам салумен бастаған “Байтақтың” басынан осы жолы біраз оқиғалар болды. Үміткерлерді үкілейміз деген съезінде үміткерлерді тізбелеуден бөлек, партия басшысын ауыстырып, басқалар сияқты біз де жаңарайық деген кейбір мүшелерінің ұсынысымен дау-дамайға ұласты. Әйтеуір, өзіміздегі үміткерлерін белгілеп, съезді өткізіп болғаннан соң, 5-6 үміткері дауысқа түсуден бас тартып, ақыры екінші рет тағы съезд өткізіп, 47 үміткерменен 6-ші болып тұр. Үміткерлер саны жағынан жетінші орын жалпыұлттық социал-демократиялық партиясына бұйырыпты.

Сайлаудың екінші кезеңі 23-ші шілденің 18:00-ге дейін созылатын тіркеуінен үміткерлердің іріктелгені ғана сайлауға барады. Демек 1 депутаттық орынға 4-5 үміткерден келіп тұр.

Орталық сайлау комиссиясының хатшысы Шавхат Өтемісовтың айтуынша заңға сәйкес сайлауға қатысатын партиялар әрбір кандидат үшін сайлау жарнасын төлеу тиіс.

Биыл оның мөлшері 1млн. 275 мың теңге болып белгіленген. Айта кететін бір жәйт бұрын Парламентте болған партиялар бұл жарнаны төлемейді. Жаңадан құрылған “Әділет” пен бұрын Парламентте болмаған “Байтаққа” төлеуге қана келеді.

Сайлауға дайындық барысында бірқатар саяси партияларда басшылық ауысты. “Ақ жол” партиясының маусымның 13-індегі өткен съезінде 2011-ші жылдан бері төраға болып, Парламент төрінде депутат болып сайланған Азат Перуашев орнын босатып, оның орнына осы партия мүшесі, бұрынғы Парламент депутаты Дания Еспаева төраға болып сайланды. Айта кеткен жөн болар биылғы сайлауға қатысатын 7 саяси партия арасындағы бірден бір әйел адам басқаратын партия ретінде “Ақ жолдың” тарихта қалатыны анық. Азат Перуашев партияның төрағалығынан кеткенімен партиялық тізімнен кеткен жоқ. “Ақ жол” ұсынып отырған 63 үміткерлердің бірі – Азат Перуашев. “Ақ жол” съезінен 10 күн өткеннен соң яғни маусымның 23-інде “Ауыл” партиясының кезектен тыс съезді өтіп, Серік Егізбаев төрағалықтан кетіп, оның орнына Қайрат Айтуғанов сайланды. 4 күннен пікір айтып, өрекет етіп жүрген өз партиясына әсері барын ойламаған төрізді.

Құрылтай сайлауына байланысты қоғамдық пікір қалыптастыру бағытындағы сарапшылар пікіріне зер салсақ, “көзге түспейтін депутаттар” сайлаудан тыс уақытта ұйықтап жататын саяси партиялар елдің жаңаруына үлкен кедергі екені рас. Сайлауалды науқан барысында бір партиялар белсенділіктерін байқапқысы келген болар. Өздерін бөйгеде шабатын “айғырмыз” деді. Енді бірі қарсыласын “пониға”, яғни кішкентай атқа теңеді. Әйтеуір бір жақсысы бәрі айналып келгенде жылқыға “жығылды”.

Сарапшы Ануар Нуртазинның айтуынша, «Ескі жүйенің басты дерті нақты бір депутаттардың нашарлығында емес, Парламентке келген соң тым көп адамның «саяси көрінбейтін жандарға» айналып кететіндігінде. Кейбір депутаттардың саяси белсенділігі сайлауалды науқан кезінде басталып, мандат алған күні аяқталатындай әсер қалдырады.

«Халық үшін қандай бастама көтердіңіз?» немесе «Қандай мәселеге жауаптысыз?» деген қарапайым сұрақтардың өзінен қашады. Бізге мұндай «саяси туристердің» керегі бар ма? Әрине, жоқ. Сайлау алдында халықтың ортасынан табылатын кейбір саясаткерлердің сайлаудан кейін халықтан соншалықты алыстап кететіні қызық; бес жыл ішінде сайлаушы мен депутаттың қайта кездесуі кездейсоқ оқиғаға айналады. Бірақ қазір уақыт та, қоғам да өзгерді: халық талапшыл, бұрынғыдан әлдеқайда сергек. Цифрлық дәуірдің саяси элита үшін бір қолайсыз ерекшелігі бар: интернет ештеңені ұмытпайды. Бүгін айтылған сөз ертең қайта алдыңнан шығады, ал жасанды өмірбаян бірнеше минуттың ішінде-ақ қоғамдық сараптамадан өтеді. Ескі есімдер мен белгілі тектер бұрынғыдай саяси капитал емес, керісінше, қоғам алдындағы үлкен жүкке айналуы мүмкін. Кезінде белгілі фамилия саяси есіктерді ашатын артықшылық болса, енді қоғам сол фамилияның артында қандай нақты қабілет, нәтиже және дербес тұлға тұрғанын сұрайды. Бұл – қоғамның саяси өсейгенінің белгісі. Мәжіліс төрағасына келетін болсақ, мен қазірден бастап нақты бір есімді атаудан аулақпын. Себебі спикер мәселесі жеке тұлғаның емес, тұтастай алғанда алдағы уақытта құрылатын билік вертикалі мен оның конструкциясының мәселесі. Егер билік аппаратының ішінен шыққан, тек бұйрық орындайтын тұлға таңдалса, бұл биліктің тек бақылау мен сабақтастықты ғана сақтағысы келетінін білдіреді. Ал егер халыққа танымал, жария саясаткер келсе, бұл Парламенттің дербес, шынайы пікірталас алаңына айнала бастағанының белгісі болады. Мәжіліс төрағасының саяси функциясы сөз беру, микрофонды өшіру және регламентті бақылаумен шектелсе, онда бұл лауазымның мемлекеттік салмағы төмендейді. Бұл билікпен де, бұқарамен де тең дәрежеде тіл табыса алатын, аймақтармен және халықаралық серіктестермен иық тіресе жұмыс істей алатын ұлттық ауқымдағы ірі тұлға болуы шарт.

8-бетте

DATAmetrics компаниясы халықтың әлеуметтік көңіл-күйін сипаттайтын әлеуметтанулық зерттеу нәтижелерін ұсынды. Бұл деректер азаматтардың өмір сапасына берген бағасын, отбасының материалдық жағдайындағы өзгерістер мен болашаққа деген сенім деңгейін қамтыған. Бұл мәліметтер Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институтының тапсырысы бойынша 2026 жылғы 13 маусым мен 2 шілде аралығында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеудің нәтижесінде анықталған.

Бетпе-бет сұхбат («face-to-face») әдісімен жүргізілген сауалнамаға Қазақстанның барлық өңірлерінен, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан 18 жастан асқан 8000 тұрғын қатысты.

Халықтың әлеуметтік көңіл-күйі адамдардың өз өміріне, материалдық жағдайына және болашаққа деген сенім деңгейіне қандай баға беретіні арқылы анықталады. Зерттеу нәтижелері осы көрсеткіштердің барлығы бойынша респонденттердің жауаптарында оң көзқарас басым екенін көрсетті.

Ең жоғары көрсеткіш өмірге ризалық деңгейі бойынша тіркелген. Сауалнамаға қатысушылардың 63,3%-ы өз өмірлеріне толық риза екенін айтса, тағы 31,9%-ы көп жағдайда қанағат білдіреді. Осылайша респонденттердің 95,2%-ы өз өмірлеріне оң баға береді. Ал 3,4%-ы өз өмірлеріне онша риза еместігін, 1,1%-ы мүлде риза еместігін мәлімдеді.

Өз өмірлеріне берілген оң баға отбасының материалдық жағдайын қабылдау деңгейінен де көрініс табады. Зерттеуге қатысушылардың үштен екісінен көбі (67,6%) отбасыларының материалдық жағдайы соңғы жылда жақсарғанын айтқан. Оның ішінде 29,8%-ы жағдайы айтарлықтай жақсарғанын, ал 37,8%-ы белгілі бір деңгейде жақсарғанын атап өткен.

Респонденттердің 25,5%-ы отбасының материалдық жағдайы өзгермегенін айтса, 6,6%-ы нашарлай түсті деп санады.

Азаматтардың бүгінгі күнге берген бағасы болашаққа деген үміт деңгейіне әсер етеді. Зерттеу қорытындылары бойынша сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігі өз отбасының келешегіне сеніммен қарайды. Мысалы, он респонденттің шамамен сегізі (78,6%) бір жылдан кейін бүгінгі күннен жақсырақ өмір сүретініне сенеді. Оның ішінде 45,0%-ы өз жағдайы айтарлықтай жақсарарды деп үміттенсе, тағы 33,6%-ы белгілі бір деңгейде жақсаратынына үмітті.

Сондай-ақ 15,9%-ы өз отбасының тұрмыс деңгейі өзгеріссіз қалады деп есептейді. Ал, респонденттердің 3,4%-ы өз жағдайы нашарлауы мүмкін деп санайтынын айтқан.

Жалпы алғанда зерттеу нәтижелері халықтың әлеуметтік көңіл-күйінің негізгі көрсеткіштері бойынша оң бағалаудың басым екенін көрсетеді. Сауалнамаға қатысқандардың көпшілігі өз өміріне риза, отбасының материалдық жағдайындағы өзгерістерді оң бағалайды және алдағы уақытта тұрмыс жағдайының жақсаратынына сенім білдіреді.

Іріктеу Қазақстан Республикасы халқының негізгі әлеуметтік-демографиялық сипаттамаларына, атап айтқанда тұрғылықты жерінің түріне (қала/ауыл), жынысы мен жасына қарай репрезентативті. Сенімділік ықтималдығы 95% болған жағдайда іріктеменің статистикалық қателік шегі ±1,1%-дан құрайды.

DATAmetrics компаниясы бұл зерттеу нәтижелерін Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 3 шілдедегі № ОСК-11-07/3Т-К-29 хабарламасы негізінде жариялап отыр.

ҚИЯР ҚАТТЫ АРЗАНДАДЫ

2026 жылғы 8 шілдедегі жағдай бойынша есепті аптада Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар бірқатар азық-түлік тауарлары бағасының төмендеуі байқалған.

Бағасы ең көп төмендеген өнім – қияр 6,5% арзандады. Сонымен қатар қызанақ -4,1%-ға, сәбіз -2,1%-ға, сүйектіз сиыр еті мен жұмыртқа әрқайсысы 0,6%-ға, сүйекті сиыр еті 0,3%-ға, балық -0,1%-ға бағалары төмендеді.

Өңірлер бөлінісінде елдің бірқатар қаласында дефляциялық динамика байқалды.

Бір апта ішінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының жалпы баға деңгейі Қызылорда мен Жезқазғанда -0,4%-ға, Петропавл, Өскемен, Қарағанды және Түркістан қалаларында әрқайсысында -0,2%-ға, Алматы қаласында -0,1%-ға төмендеді. Астана, Шымкент, Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Павлодар, Семей және Тараз қалаларында бағалар алдыңғы апта деңгейінде сақталды.

ТҰРҒЫН ҮЙ САУДАСЫ 28,4%-ҒА ӨСТІ

2026 жылғы маусым айында тұрғын үйді алып-сату бойынша 39 053 мәміле тіркелген. 2026 жылғы мамырмен салыстырғанда мәмілелер саны 28,4%-ға өсті.

Мәмілелер саны бойынша Алматы және Астана қалалары, сонымен қатар, Қарағанды облысы көш бастап тұр. Мәмілелер саны Ұлытау облысында ең аз – 360 мәміле тіркелген.

2026 жылғы мамырмен салыстырғанда маусымда мәмілелер санының өсуі барлық өңірлерде байқалады.

Ең жоғары өсім Маңғыстау, Қарағанды және Атырау облыстарында тіркелді.

Талапкер - 2026: Грант конкурсына қалай қатысуға болады?

2-бетте

Үкімет пен әкім

ЖАРТЫ ЖЫЛ: ОҢ ДИНАМИКА, ПАЙЫЗДЫҚ ӨСІМ...

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2026 жылдың қаңтар-маусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері және республикалық бюджеттің орындалуы қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі облыс әкімдігінің мәжілісінде өңірдің жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері талқыланды.

Үкімет басшысы О. Бектенов:
- «**Жаңа Конституцияның қабылдануымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында ауқымды өзгерістер жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысы қойған міндеттер аясында тұрақты экономикалық өсудің жаңа моделіне көшу үдерісі жүріп жатыр. Экономиканы белсенді әртараптандыру, заманауи инвестициялық экзотияны қалыптастыру, инновациялық кластерлер мен өнімділігі жоғары индустрияларды дамыту бойынша ауқымды жұмыстар басталды. Үкіметтің қадамы экономика салаларында қолда бар әлеуетті барынша тиімді пайдалануға бағытталып отыр.**

Әрбір басшы салалар мен өңірлер бойынша экономиканың жоспарланған өсу көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін тікелей жауапты. Осы қарқынды бәсеңдетпей, қолда бар ресурстардың бәрін толықтай пайдалану керек”.

Аймақта негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика, өңдеу өнеркәсібінде 14 пайыздық өсім қалыптасқан. Инвестиция тарту бойынша Үкімет бекіткен 789 млрд. теңге меженің 43 пайызына қол жетті.

–Дегенмен бірқатар ауданда өнеркәсіп өндірісі, негізгі капиталға салынған инвестиция көлеміне қатысты жоспар орындалмаған. Салаға жетекшілік ететін жауапты басшылар, негізгі көрсеткіштерге талдау жасаңыздар.

Шілденің 1-індегі есеп бойынша облыс бюджетінің кірісі 111,9 пайыз орындалды. Республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер мен облыс бюджеті 100 пайыз толығымен игерілді. Осы ретте басқарма басшылары, қала және аудан әкімдері, жыл аяғына дейін қаржыны жиынтық жоспарға сәйкес толық игеру керек.

Елді мекендердің қала құрылысы жобаларына түзетулер енгізіліп, оларды цифрлық форматқа ауыстыруға 2024 жылы облыстық бюджеттен тиісті қаржы бөлінген. Бірақ бұл жұмыс баяу жүргізілуде. Аудан әкімдері облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасымен бірлесіп, жобаларға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алуды үйлестіріңіздер, – деді Мұрат Нөлқожаұлы.

Бүгінде Қызылорда қаласының бас жоспарына өзгерістер енгізілуде. Мәжілісте қала аумағында салынып жатқан және салынуы жоспарланған нысандарды ескере отырып, бас жоспардың жобасын жеделдетіп аяқтау, мемлекеттік сараптама қорытындысын 1 қазанға дейін алып, Үкімет қарауына енгізу тапсырылды.

Негізгі көрсеткіштер бойынша облыста өнеркәсіп 2,4 пайыз, өңдеу өнеркәсібі 13,8, ауыл шаруашылығының өнімі 3,9, құрылыс жұмыстары көлемі 31,3, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 1,3, сауда көлемі 2,6, инвестиция тарту 7,1 пайыз артқан.

Бұдан бөлек мерзімді әскерге шақыру науқанының қорытындысы және алдағы кезеңге дайындық барысы талқыланды. Жауапты мамандарға әскерге шақырылатын азаматтар тізімін 20 тамызға дейін жасап, қала, аудан әкімдіктеріне ұсыну, оларды шақыру пункттеріне толық жеткізу, әскерден жалтарушыларды іздеу, оқушыларды медициналық тексеруден өткізуге қатысты тапсырмалар берілді.

–Соңғы күндердегі ауа райы өрт қаупін күшейткендіктен, төтенше жағдайлар, орман шаруашылығы мекемелері толық дайын болуы тиіс. Төтенше жағдайлар департаменті жұмылдыру дайындығы басқармасымен бірлесіп, ахуалды күнделікті қатаң бақылауда ұстаңыздар.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев:
- Жалпы өңірлердің басым бөлігінде оң өсу динамикасы байқалады. Ең жоғары өсім Ұлытау, Қызылорда және Павлодар облыстарында тіркелді.

Сондай-ақ суға шомылатын орындардағы, рұқсат етілмеген су айдындарындағы рейдті күшейтіңіздер. Тұрғындарға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, балалардың қауіпсіздігін қатаң бақылауға алыңыздар, – деді аймақ басшысы.

Талапкер - 2026

ГРАНТ КОНКУРСЫНА ҚАЛАЙ ҚАТЫСУҒА БОЛАДЫ?

Биылғы жылдың 13 шілдесінен бастап мемлекеттік грант конкурсына өтініш қабылдау басталды. Бакалавриатқа 75 мыңға жуық білім беру гранты бөлінді. Грант жеңіп алу үшін алдымен конкурсқа қатысу қажет. Грант конкурсының нәтижесі 10 тамызға дейін жарияланады.

Грант байқауына кімдер қатыса алады?

ҰБТ-дан белгіленген ең төменгі шекті балл жинаған талапкерлер конкурсқа қатысады. Шекті балл таңдаған мамандық бағыты мен ЖОО деңгейіне байланысты өзгереді.

Мәселен құқық және педагогикалық ғылымдар бағыттары бойынша кемінде 75 балл, денсаулық сақтау білім беру саласы бойынша кемінде 70 балл, ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін кемінде 65 балл, ауыл шаруашылығы және биоресурстар мен ветеринария бағыттары бойынша кемінде 50 балл жинау керек.

Басқа жоғары оқу орындарына түсу үшін конкурсқа түседі де кемінде 50 балл жинағандар Конкурс тәртібі бойынша жекелеген пәндерден де шекті балл жинау қажет.

Қазақстан тарихы, екі бейіндік пән және шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл, оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылық пәндері бойынша кемінде 3 балл жинау керек.

Жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларының топтары бойынша

шекті баллдарын белгілей алады. Осы ретте, кейбір мамандықтарға түсу үшін кемінде 120 балл жинау керек.

Конкурсқа қатысу үшін жеке куәлік, ҰБТ сертификаты, (бұл ретте мамыр-маусым айларында өткен негізгі ҰБТ сертификаттары ғана жарамды екенін ескерген жөн).

3х4 көлеміндегі фото, орта білім туралы аттестат немесе колледж түлектері үшін диплом, жеңілдетілген санат бойынша конкурсқа қатысу үшін растайтын құжаттарды өткізу керек.

В167 «Ұшу аппараттарын және қозғалтқыштарды ұшырып пайдалану» мамандығы үшін дәрігерлік ұшу-сараптамалық комиссиясының медициналық куәландыруы міндетті түрде керек.

Грант конкурсына қатысу үшін өтініш 13 шілде мен 20 шілде аралығында қабылданады. Өтініш берген кезде барлық растайтын құжаттар болуы керек. Талапкерлер құжаттарын онлайн eGov порталы арқылы, сондай-ақ офлайн: кез келген жоғары оқу орнының қабылдау комиссиясы немесе виртуалды қабылдау комиссиясы арқылы тапсыра алады.

Талапкер өз қаласындағы ЖОО қабылдау комиссиясына барып, басқа қаладағы ЖОО-ны таңдай алады.

Мамандықты қалай таңдауға болады?

Талапкер 4 білім беру бағдарла-

маларының тобын, яғни мамандықты және өзі қалаған бірнеше ЖОО-ны таңдай алады.

Ең бастысы таңдалған 4 мамандықтың да бейіндік пәндері сәйкес келуі керек. Мысалы, биология мен географияны таңдап медицинаға түсе алмайсыз. Ол үшін географияның орнына химия тапсыру қажет.

Ал шығармашылық емтиханын тапсырғандар үшін бейіндік пән маңызды емес.

Қай мамандықта ең көп грант бар?

Білім гранттары жыл сайын мемлекет сұранысына сәйкес бөлінеді. 2026-2027 оқу жылына бакалавриатқа 75 371 мемлекеттік грант бөлінді. Ең көп грант бөлінген бағыттар:

Инженерлік, өңдеу және құрылысқа 16 674;

педагогикалық ғылымдарға 12 228;

ақпараттық-коммуникациялық технологияларға 10 387;

жаратылыстану ғылымдары, математика және статистикаға 9 188 грант бөлінген.

Механика, арнайы педагогика, жер туралы ғылымдар, агроинженерия, химиялық инженерия, гидротехникалық құрылыс және су ресурстарын басқару мамандықтарына грант саны көбейді. Ақпараттық қауіпсіздік, механика және металл өңдеу, құрылыс, тау-кен ісі, металлургия, биологиялық ғылымдарға

грант саны қысқарған.

Кімдерге жеңілдік беріледі?

Грант конкурсына жалпы негізде де, жеңілдікпен де қатысуға құқылы арнайы топтар бар. Оларға бөлек грант пайызы бекітіледі.

Арнайы квота ауыл жастарына (ауылдық квота), көпбалалы немесе толық емес отбасынан шыққан балаларға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, I немесе II топтағы мүгедектігі бар азаматтар, бала кезінен мүгедектігі бар балаларға, қандастарға тиесілі.

Квота ҰБТ баллына ешқандай ұпай қоспайды. Квота дегеніміз – белгілі бір санаттағы талапкерлерге гранттардың жалпы санынан бөлек орын бөлу. Мысалы, ауылдық квота 35%-ды құрайды. Айталық, бір мамандыққа еліміз бойынша 100 грант бөлінсе, оның 35 гранты тек ауыл мектебін бітірген балалардың арасында ғана сарапқа салынады. Қалған 65 грант жалпы конкурсқа кетеді.

Ауыл жастары үшін 35%, көпбалалы отбасынан шыққан балалар үшін 5%, жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға 1%, мүгедектігі бар азаматтарға (I, II топ) 1%, қандастарға – 4%, үкімет айқындаған өңірлерге қоныс аударған ауыл жастары арасынан шыққандар үшін 5% үлес беріледі.

Квотасы бар талапкер алдымен жалпы конкурсқа қатысады. Баллы

жалпы конкурсқа жетпей қалғанда ғана өз санатындағы ішкі конкурсқа түседі. Осылайша, грант ұтып алу мүмкіндігі арта түседі.

«Серпін» бағдарламасына Қызылорда қатыса алады мы?

Түркістан, Қызылорда, Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстарының түлектері “Серпінге” қатыса алады.

Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Абай, Павлодар, Ұлытау, Қарағанды, Қостанай облыстарының жоғары оқу орындарына “Серпін” гранттары бөлінеді.

Гранттар тек педагогикалық, инженерлік және техникалық, ауыл шаруашылық мамандықтарына беріледі. Биыл «Серпін» бағдарламасына 2180 грант бөлініп отыр:

Педагогикалық ғылымдарға 960, инженерлік, өңдеу және құрылыс салаларына 960, ауыл шаруашылығы және биоресурстар бағытына 230, ветеринарияға 30 “Серпінге” грант бөлінген.

Жоба бойынша грантқа түскен түлектер шәкіртақы алады және жатақханамен қамтамасыз етіледі. «Серпін» грантымен оқыған түлектер сол өңірде екі жыл бойы жұмыс істеу талап етіледі. “Серпіннің” артықшылығы – оған бөлек грант бөлінетіндіктен, мұнда жалпы конкурсқа қарағанда конкурсқа өту баллы әлдеқайда төмен болады.

МАЖАРСТАННЫҢ ҚЫЗЫЛОРДАҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Мажарстанның Қазақстан Республикасындағы Бас консулы Сёке Сабольчпен кездесті. Кездесуде сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Облыс әкімі Қазақстан мен Мажарстанды тарихимәдени байланыстар мен өзара сенімге негізделген серіктестік қатынастар біріктіретінін атап өтіп, Мемлекет басшыларының тұрақты кездесулері екіжақты ынтымақтастықтың нығаюына серпін бергенін жеткізді.

—Аймағымызға қызығушылық танытқаныңыз үшін алғыс білдіремін. Бізді ресми құжаттар ғана емес, ортақ тарихи-мәдени тамырымыз, дәстүрлеріміз байланыстырады.

Инвестициялық ынтымақтастық бағытында да маңызды қадам жасалуда. «UBM Group» компаниясы еліміздің бірқатар өңірінде белсенді жұмыс істейді. Компания жобаның екінші кезеңіне өтіп, тағы екі құрама жем зауытын салуды көздеп отыр. Қазіргі уақытта осы екі зауытты орналастыру мәселесі талқыланып жатқандықтан, оның біреуін Қызылорда

облысында салуды ұсынамыз. Өйткені ауыл шаруашылығы – өңірлік экономиканың негізі, – деді аймақ басшысы.

Республикадағы күріш пен ас тұзы өндірісінің 90 пайыздан астамы Қызылорда облысының үлесіне тиесілі. Кейінгі жылдары мал және құс шаруашылығы, сүт өндірісі қарқынды дамып, құрама жемге деген сұраныс тұрақты өсіп келеді.

Бүгінде «Harvest Agro» компаниясының қатысуымен ауқымды жоба жүзеге асырылуда. Бұл жылына 150 мың тонна жүгері мен 40 мың тонна соя өндіруге мүмкіндік береді және құрама жем өндірісінің өзіндік құнын төмендетуге ықпал етеді. Өңірде 1,3 миллионнан астам мал басы тіркелген. Ал көршілес Түркістан, Ақтөбе және Ұлытау облыстарының әлеуетін ескерсек, 12 миллионнан асады.

Облыстың географиялық жағынан қолайлы орналасуы, дамыған көлік-логистикалық инфрақұрылымы, арнайы экономикалық аймақтың және инженерлік инфрақұрылым тартылған алты индустриялық аймақтың болуы инвестициялық жобаларды тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

АЗАМАТТАРДЫҢ 72%-Ы САЙЛАУДА ДАУЫС БЕРУЕ ДАЙЫН – ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ САУАЛНАМАСЫ

Сайлау азаматтардың ел ісіне араласуы мен саяси белсенділігінің маңызды көрсеткіші саналады.

Еуразиялық интеграция институты 2026 жылдың 3-13 шілдесі аралығында Қазақстанның 17 облысы мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларында азаматтар арасында бетпе-бет (face-to-face) сауалнама жүргізді. Жалпы іріктеу ауқымы 1640 респондентті құрады.

Сауалнама қазақстандықтардың алдағы сайлау процесіне деген ынта-ықыласы жоғары екенін көрсетті.

Респонденттерге алдағы жексенбіде Құрылтай сайлауы өткен жағдайда дауыс беруге баратын-бармайтыны жайлы сұрақ қойылды.

«Егер сайлау алдағы жексенбіде өтсе, сіз дауыс беруді жоспарлап отырсыз ба?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 72,1%-ы оң жауап берді, яғни, сайлау учаскелеріне баруға дайын екенін білдірді. Респонденттердің 14,2%-ы сенімді емес екенін білдіріп, дауыс бермейтінін айтты, ал 13,7%-ы нақты жауап бере алмады.

Респонденттерге қазіргі уақытта қай партияға дауыс

беретіндері жайлы «Егер сайлау алдағы жексенбіде өтсе, сіз қай партияға дауыс берер едіңіз?» деген сұрақ қойылды.

Партиялар рейтингінде «Әділет» партиясы көш бастап тұр, бүгінде оған респонденттердің 61,7%-ы дауыс беруге дайын.

Екінші орында – «Ауыл» партиясы, оған респонденттердің 5,1%-ы дауыс беретінін айтқан.

«Respublica» партиясы мен «Ақ жол» партиясының рейтингтері шамалас – сәйкесінше, 4,5% және 4,1%.

Сондай-ақ, Қазақстан Халық партиясы (3,6%) мен Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының (3,5%) рейтингтері шамамен бір деңгейде.

«Байтақ» жасылдар партиясын респонденттердің 0,7%-ы қолдайды.

Респонденттердің 2,6%-ы «барлығына қарсы» деп дауыс беруге ниетті, ал 14,2%-ы әлі шешім қабылдаған жоқ.

Сауалнама қорытындысы респонденттердің көңіл-күйіне сайлау жарияланғаннан кейін байқалған саяси партиялардың белсенділігі айтарлықтай әсер еткенін Сауалнаманың

соңғы кезеңі партиялардың сайлауалды бағдарламалары бекітіліп, кандидаттар тізімдері жарияланған сьездері өтіп жатқан кезіне тұспа-тұс келді.

Жалпы алғанда, зерттеу азаматтардың алдағы сайлауға деген ықыласы айтарлықтай жоғары екенін, сондай-ақ партиялардың сайлауға дайындық кезеңіндегі белсенділігі сайлаушылардың көзқарасына қаншалықты әсер ететінін көрсетеді.

Іріктеу таңдалған параметрлер бойынша (аймақ, тұрғылықты жері (қала/ауыл), жынысы, жасы және этносы) репрезентативті болып табылады, олар 18 жастан асқан азаматтардың әлеуметтік-демографиялық құрамының тиісті үлестеріне жуықтайды (ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының 2026 жылғы сәуірдегі деректері бойынша). Іріктеудің 95% сенімділік деңгейіндегі қателік шегі ±1,18%-дан аспайды.

Еуразиялық интеграция институты бұл деректерді Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 3 шілдедегі №ОСК-11-07/ЗТ-С-30 жазбаша хабарламасына сүйене отырып жариялайды.

ӘРІПТЕСТІК ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «ҚазАтом-Өнеркәсіп» ҰАК» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсуповпен кездесті. Кездесуде өңірдегі уран өндіру саласының қазіргі ахуалы, өндірістік жобалардың жүзеге асырылу барысы талқыланды.

Аймақ басшысы компанияның әлемдік уран нарығындағы, Қазақстанның өнер-кәсіптік әлеуетін нығайтудағы орнын атап өтті.

- «ҚазАтомӨнеркәсіп» компа-

ниялар тобы біздің облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды рөл атқарады. Өңірде уран өндіру жылдар бойы тұрақты дамып, жаңа жұмыс орындарын ашуға, өндірістік әлеуетті арттыруға және жергілікті экономиканың дамуына елеулі үлес қосып келеді. Бұл бағыттағы өзара тиімді әріптестік алдағы уақытта да жалғасатынына сенім білдіремін», – деді Мұрат Нөлқожаұлы.

Бүгінде аймақта уран

СЕНІМ БАР ЖЕРДЕ – СЕРІКТЕСТІК БАР, СЕРІКТЕСТІК БАР ЖЕРДЕ – НӘТИЖЕ БАР

Қазіргі қоғамдағы отбасы құндылықтарын сақтау, бала құқықтарын қорғау, психологиялық қолдау көрсету және жастар тәрбиесі сияқты маңызды мәселелер - мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара серіктестігін талап ететін ортақ міндет.

«Сенімен Болашақ» Қызылорда облыстық филиалы Қызылорда қаласында «Серіктестік пен сенім: 5 жылдық тәжірибе және жаңа мүмкіндіктер» атты республикалық дөңгелек үстел өткізді.

Іс-шараға мемлекеттік органдардың, құқық қорғау саласының, білім беру ұйымдарының, үкіметтік емес ұйымдардың, БАҚ өкілдері, психологтар мен қоғам белсенділері қатысты. Сондай-ақ «Сенімен Болашақ» Төрағасы міндетін атқарушы Гүлшат Серікбекова, төраға орынбасары Шәкізат Қаратайұлы, жанашырлармен жұмыс жөніндегі координатор Жанарыс Хызыр және бірлестіктің жанашыры Бақұстар Жанғозин арнайы келді.

Дөңгелек үстелде отбасы институтын нығайту, бала құқықтарын қорғау, азаматтық жауапкершілікті арттыру, еріктілер қозғалысын дамыту және психологиялық қолдау жүйесін жетілдіру мәселелері талқыланды. Қатысушылар өңірлердегі тәжірибелерімен бөлісіп, мемлекеттік мекемелер мен азаматтық сектор арасындағы ынтымақтастықты күшей-

туге бағытталған ұсыныстарын ортаға салды.

- «Сапалы мемлекет – төрелі елдің кепілі» деп бағдар ұстанған бірлестігіміздің мүшелігіне қазіргі таңда 160 мыңға жуық адам тіркелген. Бүгінде бірлестік республика көлемінде 16 өңірде филиал қалыптастырды. Оның ішінде 7 филиал белсенді жұмыс істеп келеді. Ал қалған өңірлер жергілікті жерден қолдау болған жағдайда толыққанды іске қосылуға дайын», – деді «Сенімен Болашақ» РҚБ Төрағасы міндетін атқарушы Гүлшат Серикбекова.

Шара аясында қонақтар «Сыр жұлдыздары» шығармашылық және инновация академиясының жұмысымен танысып, облыстық тарихи-өлкетану музейін аралады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, күшті мемлекет белсенді азаматтық қоғаммен қалыптасады. Қызылордада өткен бұл басқосу серіктестік пен өзара сенімнің қоғам дамуы үшін маңызды екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Ең бастысы – көтерілген бастамалардың нақты жобалар мен бірлескен жұмыстарға ұласуы.

ТҰРСЫН СӘПИХАНҚИЗЫ
«Сенімен Болашақ»РҚБ
Қызылорда облыстық филиалы
психологы

2026 ЖЫЛҒЫ ІІІ ТОҚСАНДА “ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС, СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ БӨЛІМІ” КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНДЕ БӨЛІМ БАСШЫСЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ, ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ ОСЫ МЕКЕМЕНІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1.	Біржан Әкежан Алмасұлы	Бөлім басшысы	Сәрсенбі күні сағат 15:00-ден 19:00-ге дейін	Жалағаш кенті, Ж.Жабаев көшесі №8	32-1-65

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru)	ТАРАЛЫМЫ: 4000	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БІҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
			Тапсырыс	

«HARVEST AGRO»-НЫҢ КЛАСТЕР ҚАРҚЫНЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев Жалағаш ауданына жұмыс сапары кезінде егіс алқаптарын аралады. «Харвест Агро» компаниясының техникалық қарасора, жүгері және соя өсіру, оларды қайта өңдеуге бағытталған агроөнеркәсіптік кластер жобасының қазіргі жай-күйімен танысты.

Жобаға Қаракеткен ауылдық округінен 22,5 мың гектар жер учаскесі бөлінген. Оның 5 мың гектарына жүгері, 2 мың гектарына мақсары егілген, 142 жаңбырлатып суару қондырғысы жұмыс істейді. Кәсіпорын пайдалануға берілгеннен кейін жылына 60 мың тоннаға дейін техникалық қарасора, 70 мың тонна жүгері және 20 мың тонна соя өңдеу жоспарланып отыр.

Өндірілген өнім ішкі нарықтың сұранысын қамтамасыз етумен қатар, шет елдерге де экспортталады.

Қазіргі таңда 26,3 млрд. теңге инвестиция тартылып, 100 тұрақты жұмыс орны құрылған. Егіске және өндірістік жұмыстарға 50 техника жұмылдырылды.

Жер көлемін, су пайдалану лимитін



ұлғайту, жаңбырлатып суару жүйесін енгізу, электр желісін тарту және жобасметалық құжаттарды әзірлеу қолға алынған.

Биыл өңірде жалпы 185,8 мың гектарға егін, оның ішінде дәнді дақылдар 89,7 мың гектарға, майлы дақылдар 6,1 мың гектарға, мал азықтық дақылдар 73,2 мың гектарға, картоп, көкөніс және бақша дақылдары 16,8 мың гектарға егілді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өткен жылмен салыстырғанда күріш көлемі 10,9 мың гектарға қысқартылды. Биыл 70 мың гектарға күріш егіліп, суға бастырылды.

Оның 31,3 мың гектары үстел қоректендіріліп, 53,3 мың гектары арамшөптерге қарсы өңделді. Қазір 19,8 мың гектары түптену, 46,2 мың гектары түтікке шығу, ал 4 мың гектары масақтану кезеңіне өтті.

“ПРЕЗИДЕНТТІК КІТАПХАНА” ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «Tansu Construction» ЖШС директоры Николай Ким, «Vertex Holding» ЖШС бас директорының орынбасары Ирина Кенжетеева, күрделі жобалар бөлімінің басшысы Майра Усипбекова және «Астел-К» серіктестігінің бас инженері Бахадыр Садыковпен кездесті.

Кездесуде 600 мың кітап қорын сақтауға арналған Президенттік кітапхана құрылысының барысы талқыланды.

Жыл басында Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Қызылорда қаласында тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапхана салу жөнінде тапсырма берілген болатын. Аталған жоба инвестор Эдуард Огайдың демеушілігімен жүзеге асырылуда, жалпы құны 20,0 млрд теңге. Ғимараттың ауданы 13 мың шаршы метр, 3 гектар жер телімі бөлінген. Үш қабатты, жертөлесі,

конференция, оқу, электрондық кітапхана, облыстық тарих және басылымдар, архив және сирек қор залдары, әлем әдебиеті бөлімі, өнер галереялары, медиалаборатория, көрме галереясы, балалар аймақтары, коворкинг, фудкорт, қалпына келтіру шеберханасы, типографиясы болады.

Нысанды қажетті инженерлік-коммуникациялық жергілермен қамтамасыз ету үшін барлық техникалық шарт алынған. Құрылыс алаңында әсер қазу басталып, жерасты суының деңгейін төмендету жұмыстары жүргізілуде.

Қазір құрылыс-монтаждау жұмыстарының мердігері «Tansu Construction», авторлық қадағалаушы «Астел-К» және техникалық қадағалаушы «SJS Казахстан LTD» серіктестіктерімен келісімшарттар рәсімделген.

ТҮРІК ИНВЕСТИТОРЛАРЫНЫҢ ЖАҢА ЖОБАЛАРЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев «TUKIB» түрік-қазақ кәсіпкерлері қауымдастығының өкілдерімен кездесті. Кездесуде өңірде инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндіктері талқыланды.

- «Екі ел мемлекет басшылары Қасым-Жомарт Кемелұлының, Режеп Тайип Ердоғанның көшбасшылығымен бүгінде екі ел арасындағы кеңейтілген стратегиялық әріптестік жаңа деңгейге көтеріліп келеді. Бұл өз кезегінде сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстардың қарқынды дамуына серпін берді.

Кездесу қорытындысында тараптар инвестициялық ынтымақтастықты кеңейтуге, бірлескен жобаларды жалғастыруға ниетті екенін білдірді.

Бүгінде Қызылорда облысы тарихи мұрасымен ғана емес, инвестициялық мүмкіндіктерімен де ерекшеленеді. Өңірде агроөнеркәсіп кешенін, құрылыс индустриясын, тау-кен және өңдеу өнеркәсібін дамытудың, көлік-логистикалық әлеуетті арттырудың, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздері саласында ауқымды жобаларды жүзеге асырудың қажетті алғышарттары бар. Осы

бағытта әрбір инвестормен ашық, сенімді және ұзақ мерзімді әріптестік орнатуға дайынбыз», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Аймақ басшысы «Қазақстан Зираат Банкінің» Қызылорда қаласында филиалын ашып, өңірдегі кәсіпкерлердің қаржы ресурстарына қолжетімділігін арттыруды ұсынды.

Аймақтың қарқынды дамуын ескере отырып «Қазстройподряд» компаниясымен облыс орталығында заманауи сауда және ойын-сауық орталығын салу, «Тиряки Холдингпен» бірлесіп керамикалық плита және санитарлық бұйымдар өндірісін іске қосу мәселелеріне тоқталды.

Өңдеу өнеркәсібінде «YDA Holding»-тің тәжірибесін пайдаланып, жаңа өндірістік жобаларды жүзеге асыруға, «Mir Yildiz» компаниясының қатысуымен геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге шақырды.

Өңірдің көлік-логистикалық әлеуеті жыл сайын артып келеді. Осыған байланысты «Қорқыт Ата халықаралық әуежайын» сенімгерлік басқаруға алу мүмкіндігін қарастыру және халықаралық хаб ретінде дамыту, «Alarko Holding»-пен жоғары технологиялық жылыжай кешенін, «Akso Energy»-мен бірлесіп ет өңдеу комбинатын салу бағытында ынтымақтастық орнату ұсынылды.

МОТОЦИКЛ МЕН КӨЛІК ЖОЛЫ...

Аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары Арал ауданына жұмыс сапары барысында мотоцикл құрастыру зауытының жұмысымен танысты.

«Тоғыс-Аралотын» ЖШС бұл жобаға 1 млрд. теңге бағыттаған. Жылына 20 мың компонент шығаруды жоспарлауда. Зауытта өндірілген өнімнің 50 пайызы ішкі нарыққа шығарылады, қалған 50 пайызы шетелге экспортталады.

Өндірістік жобалардың өңір экономикасын әртараптандырудағы, жаңа жұмыс орындарын ашудағы және экспорттық әлеуетті арттырудағы маңызы зор.

Аудан орталығынан шалғайда жатқан Құланды, Ақбасты, Ақеспе, Қосамаң және Беларан елді мекендеріне қатынайтын автомобиль жолының мәселесі түбегейлі шешіледі.

Бұдан кейін облыс әкімі «Бейнеу – Сексеуіл» бағытындағы автомобиль жолының құрылысына қатысты мәселе-



лерді пысықтады.

Еске салсақ, Мемлекет басшысы V Ұлттық құрылтай отырысында «Бейнеу – Сексеуіл» автомобиль жолының құрылысын жеделдетуді тапсырған болатын.

Осыған сәйкес қазіргі уақытта салалық министрлік жобаны қаржыландыру көздерін айқындап, жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде.

Жол құрылысына 780 млрд. 285 млн. теңге қаржы бөлінеді. Жалпы ұзындығы 559 шақырым, Қызылорда облысына 189 шақырымы тиесілі. Құрылысы

толық аяқталғаннан кейін Еуропа – Кавказ – Азия халықаралық көлік дәлізі бойындағы бағыт шамамен 900 шақырымға, Қытай мен Ақтау арасындағы жүк жеткізу мерзімі екі тәулікке қысқарады.

Бұл жол өңірдің транзиттік әлеуетін арттыруға және теміржол бойындағы елді мекендердің дамуына оң әсерін тигізеді.

Аймақ басшысы жауапты сала жетекшілеріне жұмыс сапасы мен мерзіміне қатысты талаптарды басты назарда ұстауды тапсырды.

«ҚАМЫСТЫБАС» БАЛЫҚ ҚОРЫН МОЛАЙТУДА

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев жұмыс сапарымен Арал ауданына барды.

“Косжар” ауылдық округінің тұрғындарымен кездесіп, «Қамыстыбас» балық питомнигінің жұмысымен танысты. Жарты ғасырдан астам тарихы бар питомник бағалы балық қорын сақтап, табиғи популяциясын көбейтіп келеді. Мұнда тұқы, ақ амур, дөңмаңдай секілді теңіз маржандары өсіріледі.

Арал ауданы аумағында балық шаруашылығын дамытуға қолайлы Кіші Арал теңізінің 18 учаскесі, Сырдария өзені және 17 көл бар. Кіші Аралды балықтың 19 түрі мекендейді. Өндірістік қуаты шамамен 30 мың тонна болатын 10 балық өңдеу зауыты аймақтың экспорттық әлеуетін дамытуға үлес қосуда.

Мемлекеттік тапсырыс аясында жыл сайын 12 млн. бір



жаздық, 420 мың екі жаздық шабақ өсіріліп, Арал теңізі мен Сырдария өзеніне жіберіледі. Бұл өңірдегі су айдындарының балық қорын молайтуға ықпал етеді.

Облыс әкімі табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға қатысты

жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Сапар кезінде аймақ басшысы Аралқұм, Шөміш, Сапақ, Көктем ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесіп, ұсыныс-пікірлерін тыңдады.

АРАЛДЫҢ ЖОҒАРЫ СҰРЫПТЫ АС ТҰЗЫ ЗАУЫТЫ

Қызылорда облысы әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары Арал қаласындағы жоғары сұрыпты ас тұзын өндіру зауытының ашылу рәсіміне қатысты.

Аймақ басшысы тұрғындарды құттықтап, өндіріс орнының жұмысына сәттілік тіледі.

- «Баршаңызды жоғары сұрыпты ас тұзын өндіру зауытының ресми ашылуымен құттықтаймын! Сондай-ақ маңызды жобаны Арал ауданында жүзеге асырғаны үшін жеке инвесторға зор ризашылығымды білдіремін. Бұл - еліміздің экспорттық әлеуетін арттыратын, жаңа жұмыс орындары ашылатын маңызды жоба.



Өндіріс орындары экономиканы әртараптандыруға, тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға тын серпін береді деп сенемін», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

«Тоғыс - Аралотын» серіктестігі жоғары сұрыпты ас тұзын өндіру зауытына 1,8 млрд. теңге қаржы салған, жылдық қуаттылығы 40 мың тонна. Мұнда 20 адам жұмыспен қамтылады. Мемлекеттік қолдау аясында 4 гектар жер телімі беріліп, қажетті инфрақұрылым тартылды. Зауыт өнімдері ішкі нарықты қамтамасыз етумен қатар, көршілес мемлекеттерге де экспортталады.

Шарада облыс прокуроры Ризабек Ожаров, ел ағалары Имамадин Оңғарбаев, Нұралы Оспанов сөз сөйлеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына, зауыттың іске қосылуына атсалысқан азаматтарға облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

ТҮЙЕ СҮТІНІҢ ЗАУЫТЫ

Аймақ басшысы Мұрат Ерғешбаев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары Арал қаласындағы түйе сүтінен құрғақ ұнтақ шығаратын зауыттың ашылу рәсіміне қатысты.

Салтанатты шарада облыс әкімі бұл бастама өңірдің өндірістік қуатын нығайтуға, әлеуметтік-экономикалық дамуына оң ықпал ететінін атап өтті.

«Баршаңызды аймағымыз үшін маңызды жобалардың бірі түйе сүтінен ұнтақ шығару зауытының ресми ашылуымен құттықтаймын! Бұл өңір экономикасының дамуына тың серпін, еліміздің экспорттық әлеуетін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға мол мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Жаңа инвестициялар ең алдымен еліміздегі заманауи өнеркәсіптің негізін қалыптастыруға бағытталуы керек», - деген болатын.

Өңірде экономиканы әртараптандыру мақсатында алдағы үш жылда 1 трлн. 900 млрд. теңгеге 48 инвестициялық жоба жүзеге асырылып, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Биыл 100 млрд. теңгеге 21 жоба іске қосылады деп жоспарланған.

Осы ретте аймағымызда ірі инвестициялық жобалар сәтті жүзеге асуда. Соның бірі - 3 млрд. теңгеге салынған «Қазақ Кәмел»



компаниясының түйе сүтінен құрғақ ұнтақ дайындау зауыты.

Жалпы елімізде түйе сүтін өңдейтін кәсіпорындар бар болғанымен, өнеркәсіптік деңгейде құрғақ ұнтақ өндіретін зауыттар өте аз. Сондықтан бұл - бірегей әрі маңызды бастама», - деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Жылына шамамен 400 тонна өнім өндірілетін бұл зауытта 23 адам тұрақты жұмыспен қамтылады. Түйе сүтін құрғақ ұнтаққа айналдыру үшін күніне 20 мың литр сүт қажет. Бұл жергілікті тұрғындар үшін тиімді болмақ. Түйе сүтін күнделікті өткізіп, тұрақты табыс табады. Жергілікті өнімге сұранысты арттыру

мақсатында келісімшарт жасалып, алдағы 10 жылда Қытай нарығына экспортталады. Мемлекеттік қолдау аясында индустриялық аймақтан 1 гектар жер телімі берілген. Сондай-ақ «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы Қытайдан қажетті технологиялық жабдықтарды сатып алуға 1,8 млрд. теңге қаржы қарастырылды.

Рәсімде облыс прокуроры Ризабек Ожаров, ел ағалары Айтбай Кошербай, Әділбек Айымбетов сөз сөйлеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан және зауыттың іске қосылуына атсалысқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

БАСҚАРА АЛСАҢ, ҮНЕМДЕЙСІҢ...

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында су ресурстарын басқару мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев секторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейінгі мәжілісте су ресурстарын басқаруға қатысты жауапты тұлғаларға тапсырмалар жүктелді.

- «Су алу науқанында су шаруашылығы нысандары жұмысының тұрақтылығын, жоспарға сәйкес ұйымдастырылуын қатаң бақылауға алыңыздар. Сырдария суын егістікке ысырапсыз пайдаланып, Кіші Аралға жіберілетін көлемді жеткізу қажет.

Одан бөлек көлдер жүйесі мен шабындық, жайылымдарды суландыруға ерекше назар аудару керек. Бұл аймақтағы экологиялық жағдайды тұрақтандыруға септігін тигізеді.

Биыл су жеткізу қызметінде биллнгтік жүйе ресми

түрде іске қосылып, су тұтынушылармен электрондық келісімшарт жасау толық аяқталды. Қолданыстағы қағидаларға сәйкес, шаруашылықтар әр айдың 25-іне дейін су жеткізу қызметі үшін төлем жүргізуі тиіс», – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Су саласын дамытудың 2024-2028 жылдарға арналған өңірлік кешенді жоспарына 112 жоба енгізілген. Су ресурстарын тиімді пайдаланудың жүйелі шараларына 10 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Өткен жылы су үнемдеу технологияларын пайдалана отырып, 8,1 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілсе, биыл бұл көрсеткіш 14,2 мың гектарға жеткізілді.

Су шығынын азайту үшін 65 мың гектар күріш алқаптары лазермен тегістелді. Осыған сәйкес бірінші кезекте 75 нысанның су қорғау жобалық құжаттамасын әзірлеу жоспарлануда.

ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАР ТАЛАПҚА САЙ МА?

Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігіне қарасты республикалық мемлекеттік мекеме болып табылады. Департаменттің негізгі міндеті техникалық реттеу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету, сәйкестікті бағалау саласында аккредиттеу және бағалы металдар мен асыл тастан жасалған зергерлік бұйымдар айналысы саласында мемлекеттік саясатты іске асырады және осы бағыттарда мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізеді.

Департаментпен 2026 жылдың 1 жартыжылдығы кезеңінде мемлекеттік қадағалау және бақылау функциясына сай барлығы 80 мемлекеттік бақылау тексеру жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде 65 тексеруде бұзушылықтар анықталып, бұл осы тексерулердің 81,0 пайызын құрады. Нақтылағанда, жоспардан тыс 3, құқық қорғау органдарының 1, бару арқылы профилактикалық бақылау 17, бармай профилактикалық бақылау бойынша 59 тексеру жүргізілді. Олардың ішінде жоспардан тыс тексерудің 1 жағдайында, құқық қорғау органдарының 1 тексеруі және бару арқылы профилактикалық бақылаудың 13 тексеруі, бармай профилактикалық бақылаудың 50 тексеруінде заң бұзушылықтар анықталған.

Тексерулер қорытындысы бойынша бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар берілді. Сонымен қатар департаментпен әкімшілік құқық бұзушылық туралы 1 әкімшілік іс қаралып, 670375 теңге әкімшілік айыппұл салынып, бюджетке өндірілді. Жүргізілген тексерулер Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне

сай, нақты бұзушылықтар әртүрлі көздерден алынған ақпараттар арқылы бармай профилактикалық бақылау тексерулері, ал басқа тексерулер құқық қорғау органдарының тапсырмасына сәйкес жүргізілген. Сонымен қатар ақпараттық жүйелерге мониторинг және зерделеу барысында бармай профилактикалық бақылау жасалып, ұсынымдар беріліп, оның қорытындысы бойынша «Энергетик KZO» ЖШС-нің 35 өлшем құралдарының салыстырып тексеру сертификаттарынан бұзушылық анықталып, олардың күші жойылды.

Сонымен қатар басқа органдардан түскен материалдар бойынша азық-түлік өнімдері: «Келін шай», «Аль Хаят» шайы, «Петропавловское» ультрапастерленген сүтті көрсеткіштері бойынша талапқа сай келмеуіне байланысты олардың сәйкестік декларацияларының күші жойылды. Сондай-ақ «Мозырсьоль» ас тұзы, «Shoco Pie» (Чоко пай) печеньесі, «Fariman» (Фариман) ашықты өнімдерінде таңбалануында (маркировка) мемлекеттік тілде ақпаратты болмау бұзушылықтары анықталуына байланысты олардың сәйкестік декларацияларының күші жойылды.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сай бармай профилактикалық бақылау тексерулері облыс аумағындағы жеке сауда орталықтары мен базарларда жүргізіліп, өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы заңының талаптарының бұзылуы бойынша бұзушылықты жою туралы ұсынымдар берілді. Осындай бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдар өткізушілер қызметіне де бармай профилактикалық бақылау тексерулері жүргізілді. Бұзушылық анықталған субъектілері алдағы

уақытта бару арқылы профилактикалық бақылау тексерулері жүргізілетін тізімге енгізілетін болады.

Сондай-ақ, есепті кезеңде электр энергиясын өндіретін «Кристалл Менеджмент»-ке қатысты арыз-шағым түсіп, жоспардан тыс тексеру нәтижесінде метрологиялық бұзушылықтар анықталып, әкімшілік айыппұл салынып, жауапкершілікке тартылды.

Департаментпен бақылау сатып алу бағдарламасы бойынша бюджеттен бөлінген қаржыға 7 түрлі 3 бензин, 2 мотор май, 2 мұздатқыш сұйықтығы өнімдері үлгілері сатып алынып, оларды сынақтан өткізу үшін сынақ зертханаларына жолданған болатын. Осы сынақтан қорытындысы бойынша 3 түрлі өнім үлгілері: АИ-95-К4 бензині октан көрсеткіші бойынша және 2 түрлі антифриз «Valvoline Extreme» және «Valvoline Extra» мұздатқыш сұйықтықтары өнімдері таңбалануы бойынша техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтіндігі анықталып, өнімдерді айналыстан алу туралы қаулы қабылданып, жедел ден қою шаралары қабылданды. Техникалық регламент талаптарына сай емес 2 өнім сатудан алынып тасталды.

Есепті кезеңде департамент мамандарымен кедендік декларациялау кезінде жүк көліктерінің техникалық регламент талаптарына сәйкестігі туралы қызыл жолаққа (красная линия) түскен 6 автокөлікке бірлескен қарау жұмыстары бойынша қаралған жүк автокөліктерінен бұзушылық анықталған жоқ.

Б.ҚАРСАҚБАЕВ
Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы

«ҚАУІПСІЗ ЖОЛ» 622 ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ АНЫҚТАДЫ

Ағымдағы жылдың 11–16 шілде аралығында Қызылорда облысының аумағында жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жол қозғалысына қатысушылардың тәртібін арттыру және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Іс-шараның екі күнінің қорытындысы бойынша 622 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды.

Атап айтқанда:

- ҚР ӘҚБтК-нің 463-бабы бойынша (тиісті тіркеусіз, рұқсатсыз немесе хабарлама жібермей кәсіпкерлік немесе өзге де қызметпен айналысу) – 2;
- 571-баптың 2-бөлігі бойынша (жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бұзу) – 63;
- 590-баптың 2-бөлігі бойынша (белгіленген тәртіппен тіркелмеген көлік құралын басқару) – 13;
- 590-баптың 8-бөлігі бойынша (медициналық қарап-тексеруден өтпеу) – 1;
- 590-баптың 7-бөлігі бойынша (көлік құралын заңсыз қайта жабдықтау) – 16;
- 590-баптың 9-бөлігі бойынша (міндетті техникалық қарап-тексеруден өтпеген көлік құралын пайдалану) – 29;
- 591-баптың 1-бөлігі бойынша (көлік құралын басқару кезінде ұялы телефон пайдалану) – 71;
- 596-баптың 3-бөлігі бойынша (қарсы қозғалыс жолағына шығу) – 4;
- 608-бап бойынша (көлік құралын мас күйінде басқару) – 6;
- 593-бап бойынша (қауіпсіздік белдігін пайдалану және жолаушыларды тасымалдау қағидаларын бұзу) – 161;
- 612-баптың 3-бөлігі бойынша (көлік құралын басқару құқығынан айырылған адамның қайтадан көлік басқаруы) – 4 дерек анықталды.

Полиция қызметкерлері жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстарды күшейтіп, заң бұзушылықтардың алдын алу шараларын жалғастыруда.

Құрметті жол қозғалысына қатысушылар!

Жол ережесін сақтау – әрбір азаматтың міндеті. Көлік құралын басқару кезінде жылдамдық режимін сақтаңыз, қауіпсіздік белдігін міндетті түрде тағыңыз, ұялы телефонды пайдаланбаңыз және ешқашан мас күйінде көлік тізгініне



«ҚАУІПСІЗ ЖОЛ»

ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ ӨТУДЕ



2026 ЖЫЛҒЫ 11–16 ШІЛДЕ АРАЛЫҒЫНДА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА



ЖОЛ-КӨЛІК ОҚИҒАЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ



ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ САҚТАЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ



ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРУ



ҚҰРМЕТТІ ЖҮРГІЗУШІЛЕР МЕН ЖАЯУ ЖҮРГІНШІЛЕР!

Жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтап, бір-біріңізге құрметпен қараңыздар. Әрбір жауапты әрекет адам өмірін сақтауға ықпал етеді.



ЖОЛДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК – ӘРҚАЙСЫМЫЗДЫҢ ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІГІМІЗ!





@kzo_pd

отырмаңыз. Жолдағы әрбір жауапсыз әрекет адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.

«Қауіпсіз жол» жедел-профилактикалық іс-шарасы жалғасуда. Полиция қызметкерлері жол қозғалысы ережелерінің сақталуына бақылауды күшейтіп, құқық бұзушылықтарға заң талаптарына сәйкес шара қолданатын болады.

КОНСТИТУЦИЯҒА АРНАЛҒАН ФОРУМ

Қызылордадағы жаңа «Достық үйінде» облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, зиялы қауым өкілдері, өңірдегі үкіметтік емес ұйымдар жетекшілері, басқарма және департамент басшылары, жастар ұйымдары, азаматтық қоғам белсенділерінің қатысуымен «Конституция – азаматтық қоғамды дамытудың құқықтық іргетасы» тақырыбында облыстық азаматтық форум өтті.

Форумда жаңа Конституция аясында азаматтық қоғам институттарының рөлін арттыру, мемлекет пен қоғам арасындағы сындарлы әріптестікті нығайту және қоғамдық диалог мәдениетін дамыту мәселелері талқыланды.

Форумда сөз сөйлеген облыс әкімі М.Ерғешбаев:

- «Халықты ортақ мақсатқа жұмылдырып, үкіметтік емес ұйымдарды қоғамдық маңызы бар бастамаларға кеңінен тарту – мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыратын әрі қоғам мен билік арасындағы өзара сенімді нығайтатын озық тәжірибе.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында: «Азаматтық қоғамға қолдау көрсетіп, оның әлеуетін нығайта түсу керек. Сондай-ақ, аса маңызды жалпы мемлекеттік міндеттерді шешу үшін талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет» деп атап өткен болатын.

Өңіріміздегі азаматтық қоғам институттары мемлекеттік бастамаларды іске асыруға белсенді атсалысып, халықтың мүддесін қорғауға, өзекті әлеуметтік мәселелерді шешуге нақты үлес қосып келеді», – деді.

Аймақта мыңға жуық қоғамдық ұйым тіркелген, 2023-2026 жылдары мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 555 әлеуметтік жоба жүзеге асты. Облыстық, аудандық әкімдіктер жанындағы кеңестер мен комиссиялар құрамында 200-ден астам үкіметтік емес ұйым өкілі бар.

Форумда «Самұрық» инновациялық идеяларды дамыту орталығы» қоғамдық қорының директоры Жанлос Тұсмағамбетов, «Ақ босаға» әйелдер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Зейнар Тәжиева, «Ел-Арай» қоғамдық қорының төрағасы Асхат Байдаулетов және «Жас толқын» еріктілер жасағының жетекшісі Әнуар Токтамысов баяндама жасап, үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін арттыруға қатысты ұсыныстарын ортаға салды.

Сондай-ақ азаматтық қоғамның дамуына елеулі үлес қосқан азаматтарға Конституцияның жаңа редакциядағы арнайы басшылығы табысталды.

КІТАП ОҚИТЫНДАР КӨБЕЙЕДІ

Қызылорда облысы әкімдігі мен «Кітап оқитын ұлт» қоғамдық қоры арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Меморандум Қазақстан Республикасы Президентінің кітап оқу мәдениетін дамыту, зерделі ұлт қалыптастыру және шығармашыл, жасампаз әрі бсекеге қабілетті тұлғаны тәрбиелеу жөніндегі бастамаларын өңірде тиімді іске асыруға бағытталған.

Тараптар өңірде «Кітап оқитын ұлт» жобасын бірлесіп жүзеге асыруға, кітап оқу мәдениетін дамытуға, ұлттық

әдебиетті дәріптеуге және жастардың кітап оқуға қызығушылығын арттыруға бағытталған бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға келісті.

Құжат аясындағы ынтымақтастық өңірде кітап оқу мәдениетін жүйелі дамытуға, рухани құндылықтарды насихаттауға және қоғамның мәдени әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар өңірде кітап оқуды насихаттау, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру және әдеби мұраны кеңінен таныту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілетін болады.

ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫҢ ЖАЛҒАНДЫҒЫ

Threads әлеуметтік желісі пайдаланушыларының белсенділігін талдау нәтижесі көрсеткендей, дәстүрлі бот-желілермен қатар аккаунттардың үйлестірілген желілері де белсенділік танытуда. Олар «сворминг» (swarming) деп аталатын тактиканы қолданады. Бұл - қатысушылардың шағын тобының келісілген әрекеттері арқылы аудиторияда жаппай қоғамдық қолдау немесе, керісінше, кең ауқымды наразылық туралы жалған әсер қалыптастыру әдісі.

Алдын ала белгіленген үлгі бойынша бірсарынды хабарламалар тарататын классикалық бот фермаларына қарағанда, мұндай желілер әлдеқайда икемді әрекет етеді. Олар талқылаудың барысына жедел әрекет етіп, жекелеген тезистерді күшейтеді, сондай-ақ пікірталасқа шынайы пайдаланушыларды тартады. Осылайша, белгілі бір көзқарас көпшіліктің пікірі іспетті деген түсінікті біртіндеп қалыптастырады.

Жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл орталығы ақпараттық кеңістікті талдау барысында республикалық референдумды дайындау және өткізу кезеңінде осындай белгілерді анықтады.

4 ақпан мен 30 наурыз аралығында 350-ден астам аккаунт пен 5 786 жарияланым зерттелді. Талдау нәтижесінде зерттелген аккаунттардың 71%-ында мелері туралы нақты мәлімет көрсетілмегені анықталды. Аккаунттардың 52%-ы белсенді ақпараттық науқан басталардан аз уақыт бұрын тіркелген. Ал референдум аяқталғаннан кейін олардың шамамен 60%-ның белсенділігі күрт төмендеген. Жарияланымдардың бір бөлігі кейіннен өшірілген. Бұл аталған аккаунттардың негізінен нақты бір ақпараттық науқан аясында пайдаланылғанын көрсетуі мүмкін.

Зерттеу мұндай операциялардың типтік сценарийін айқындауға мүмкіндік берді.

Алдымен эмоциялық немесе даулы сипаттағы тезис жарияланады. Кейін ол басқа аккаунттар тарапынан пікірлер, репосттар және реакциялар арқылы синхронды түрде қолдау табады. Осыдан кейін талқылауға қарапайым пайдаланушылар қосылып, болып жатқан процесті табиғи қоғамдық пікірталас ретінде қабыл-

дайды. Дәл осы кезеңде жаппай қолдау әсері қалыптасады. Алайда бастапқы ақпараттық серпін үйлестірілген қатысушылардың салыстырмалы түрде шағын тобынан шығуы мүмкін.

Зерттелген барлық кейстерде ұқсас белгілер тіркелді. Атап айтқанда, жарияланымдардың синхрондылығы, аргументтердің қайталануы, бірдей нарративтердің жылдам таралуы және жекелеген хабарламаларды келісілген түрде күшейту байқалды.

Кейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметіне қатысты 114 аккаунтта жарияланған 160 материалға жүргізілген қосымша талдау мұндай тетіктердің тұрақты сипатқа ие екенін айғақтады. Зерттеу қорытындысы бойынша жарияланымдардың 88,3%-ы ақпараттық себеп пайда болғаннан кейінгі алғашқы тәулікте таралған. Аудиторияның ең жоғары белсенділігі мен қызығушылығын теріс сипаттағы контент тудырған. Оның үлесі хабарламалардың жалпы көлемінің 39%-ын құрады. Зерттелген аккаунттардың шамамен 30%-ы тәулігіне 9-дан 12-ге дейін хабарлама жариялап, ақпараттық ағынның жоғары қарқынын сақтап отырған.

Зерттеу мұндай тетіктердің тек саяси күн тәртібінде ғана қолданылмайтынын көрсетті. Үйлестірудің ұқсас белгілері әлеуметтік саясат, денсаулық сақтау, мемлекеттік реформалар, тарифтер, әлеуметтік төлемдер және қоғамда жоғары эмоциялық реакция туғызатын өзге де тақырыптарды талқылау кезінде де байқалады.

Қазіргі ақпараттық операциялардың басты ерекшелігі - олардың мақсаты аудиторияны фактілер арқылы сендіру емес, көпшіліктің пікірі қалыптасып қойғандай иллюзия жасау. Адам белгілі бір ұстанымды, егер оны көпшілік қолдап отыр деп қабылдаса, әлдеқайда оңай қабылдайды.

Әлеуметтік желілердегі жарияланымдардың жаппай сипат алуы әркез қоғамның шынайы көңіл-күйін білдіре бермейтініне назар аударамыз. Көп жағдайда бұл жекелеген ақпараттық себептерді жасанды түрде күшейтетін шектеулі аккаунттар тобының келісілген әрекеттерінің нәтижесі болуы мүмкін.

“ІШІМДІКСІЗ АУЫЛ” КӨБЕЙЕДІ

Қазалы ауданындағы Руханият орталығында аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың төрағалығымен «Заң мен тәртіп» идеологиясы аясындағы «Қылмыссыз өңір – кемел келешек кепілі» жобасына арналған кеңейтілген мәжіліс өтті.

Мәжіліске аудан прокурорының орынбасары Бикожа Жұмаш, аудандық полиция бөлімінің бастығы Нұрлан Ибраев, құқық қорғау органдарының өкілдері, дербес бөлімдер мен мекеме-кәсіпорын басшылары, қала, кент және ауылдық округ әкімдері және аудан кәсіпкерлері қатысты.

Жиында аудан әкімі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заң үстемдігін нығайту және құқық бұзушылықтың алдын алу – мемлекеттің басым бағыттарының бірі екенін атап өтіп, «Қылмыссыз өңір – кемел келешек кепілі» жобасы құқық қорғау органдарының ғана емес, барлық мемлекеттік мекемелердің, жергілікті атқарушы органдардың, білім беру ұйымдарының, үкіметтік емес ұйымдардың және жалпы қоғамның ортақ жауапкершілігін көздейтін маңызды бастама екенін жеткізді.

Мәжілісте Мемлекет басшысының «Заң бәріне ортақ, тәртіп бәріне міндет» қағидастың мәні, жаңа Конституцияның елдегі заң үстемдігін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз етудегі маңызы ерекше екені айтылып, аудан аумағындағы криминогендік ахуал жан-жақты талқыланды.

Бүгінде аудан көлеміндегі қылмыстылық деңгейі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10,9 пайызға төмендеген. Дегенмен, тіркелген құқық бұзушылықтардың бірқатары алкогольдік ішімдікке байланысты жасалғандықтан, бұл бағыттағы профилактикалық жұмыстарды күшейту қажеттігі айтылды.

Осыған байланысты аудан басшысы «Ішімдіксіз ауыл» жобасының жүзеге асырылу барысына кеңінен тоқталып, бүгінде ауданның 42 елді мекенінің ішінде Ү.Түктібаев ауылымен қатар Ажар және Байқожа елді мекендері ғана «Ішімдіксіз ауыл» мәртебесіне ие екенін айтты. Бұл көрсеткішті арттыру бойынша ауылдық округ әкімдері мен тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Аудан әкімі қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне тұрғындар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заң талаптарын түсіндіру және «Ішімдіксіз ауыл» жобасын кеңінен насихаттау бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде ұйымдастыруды тапсырды.

Кенейтілген мәжілісте күн тәртібіндегі екінші мәселе ретінде кәсіпкерлердің инвестициялық жобаларын жүзеге асыру барысында олардың құқықтарын қорғау және инвестициялық ахуалды жақсарту мәселесі қаралды.

Жиында прокуратура органдары тарапынан инвестициялық жобаларды прокурырлық сүйемелдеудің бірыңғай тәртібі енгізілгені, бұл

инвесторлардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, жобаларды іске асыру барысында кездесетін кедергілерді жедел шешуге мүмкіндік беретіні айтылды.

Бүгінде Қазалы ауданы бойынша Бірыңғай жалпыұлттық жобалар пулының Ұлттық цифрлық инвестициялық платформасына жалпы құны 8,22 млрд. теңгені құрайтын 8 ірі инвестициялық жоба енгізілген.

Бұл мәселеге қатысты аудан басшысы аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобаларға тұрақты түрде сүйемелдеу жұмыстарын ұйымдастырып, мемлекеттік қолдау шараларының тиімді орындалуын қамтамасыз ету қажет екендігін айтты. Осыған сәйкес жауапты сала басшыларына әрбір жобаның іске асырылу барысын тұрақты бақылауда ұстап, туындайтын мәселелерді жедел шешу бағытында тиісті мекемелермен үйлесімді жұмыс жүргізуді тапсырды.

Мәжілісті қорытындылаған аудан әкімі қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу, тұрғындардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру және инвестициялық жобаларды сапалы әрі уақытылы жүзеге асыру бағытындағы жұмыстарды барлық жауапты мекемелер бірлесе атқаруы қажеттігін атап өтті.

Жауапты бөлімдер мен мекеме басшыларына берілген тапсырмалардың сапалы орындалуын қамтамасыз етіп, әрбір көрсеткіш бойынша нақты нәтижеге қол жеткізуді міндеттеді.

Заң мен Тәртіп

Қызылорда облысының прокуроры Ризабек Ожаров:

ҚЫЛМЫС 10%-ҒА ТӨМЕНДЕДІ

Прокуратура органдары мемлекет атынан заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асырып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстылықтың алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдардың өз-ара үйлесімді жұмысының нәтижесінде өңірдегі қоғамдық-саяси ахуал тұрақты сақталуда.

Қылмыстылық өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10 пайызға төмендеді.

астам азаматтың тұрғылықты жері мен жұмыс орындарын тексеріп, олардың қайта қылмыс жасауына жол бермеу бағытында нақты шаралар қабылдады.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде аса ауыр қылмыс-тар 5 пайызға, қорқытып алушылық 80 пайызға, ұрлық 34 пайызға, мал ұрлығы 36 пайызға және бұзақылық 48 пайызға төмендеді.

Сонымен қатар алаяқтық қылмыстарын анықтау және әшкерелеу көрсеткіші бойынша Қызылорда облысы республикадағы алғашқы бес-тіктің қатарынан көрінуде.

Прокуратура қызметінің

тартты.

Заңсыз ұсталған 14 азамат прокурордың қаулысымен уақытша ұстау изоляторынан босатылды.

Қылмыстық қудалау орган-дарына жеткізілген әрбір азаматтың құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін кезекші прокурорлардың қатысу тәжірибесі тұрақты жүзеге асырылуда.

Бұл азаматтардың заңмен қорғалатынына деген сенімін арттыруға мүмкіндік берді.

Тергеу сапасын арттыру мақсатында прокурорлар 1044 нұсқау беріп, заң бұзушы-лықтарды жою жөнінде 50 ұсыну енгізді.

Соның нәтижесінде 310 қызметкер тәртіптік жауап-кершілікке тартылды.

Сонымен қатар 37 тұлғаның іс-әрекетін саралау туралы қаулылар келісілмеді, ал дәлелдердің жеткіліксіздігіне байланысты 16 қылмыстық іс ақтау негізінде тоқтатылды.

Бұл прокуратураның заң-дылық пен әділдік қағидат-тарын қатаң ұстанатынын көрсетеді.

Азаматтардың құқықтарын жедел қорғау мақсатында прокуратураның тәулік бойы жұмыс істейтін кезекші прокурорының сенім телефоны іске қосылып, оның байланыс деректері ресми интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде жарияланды.

Қазіргі таңда прокуратура қызметіне цифрлық техноло-гиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктері белсенді енгі-зілуде.

Бүгінде облыста «IT TERGEU», «Смарт браслет», «Киберволонтер» және «Қыл-мыссыз өңір» жобалары табысты жүзеге асырылып келеді.

Бұл жобалар қылмыстың алдын алу, құқық бұзушы-лықтарды ерте анықтау және тергеу сапасын арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар біздің бастамамызбен қылмыстық процесті одан әрі цифрлан-дыруға арналған «TERGEU PRO» бағдарламасын енгізу жұмыстары жүргізілуде.

Бұл жоба тергеудің ашықтығы мен тиімділігін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Осыдан бір жыл бұрын, нақтылағанда өткен жылдың шілдесінде еліміздің заңнамасына енгізілген өзгерістерге сәйкес Қылмыстық кодексіке жаңадан 232-1-бабымен толықтырылды (дроперлік қызметпен айналысу).

Осыған орай бірінші саты сотымен облыс аумағында дроперлік қызметпен айналысқаны үшін 16 адамға қатысты 16 іс бойынша айыптау үкімдері қабылданған.

Өз кезегінде дроперлер алаяқтық схемаларда делдал ретінде әрекет етеді. Олардың негізгі қызметі-заңсыз жолмен келген ақшаны қабылдау, оларды басқа банктік шоттарға аудару немесе колма-кол ақшаға айналдырып, ұйымдастырушыларға беру болып табылады.

Аталған құқық бұзушылықтың ауырлығына байланысты кінәлі тұлғаларға айыппұлдан бастап, 7 жылға дейінгі бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген.

Осы орайда азаматтарды алаяқтық схемалардың құралына айналмауға және өздерінің банктік деректерін үшінші тұлғаларға бермеуді ескертеміз.

Қызылорда облысы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты түзеу мекемелерінде 1 228 сотталғанның 1 183-і жұмысқа жарамды.

Қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде (№37 мекеме) және тергеу изоляторында (№68 мекеме) – 100% сотталған жұмыспен қамтылса, қауіпсіздігі аралас (№60 мекеме) мекемесінде – 69,1% құрайды. Орта есеппен өңірімізде сотталғандардың 75,5%-ы жұмыспен қамтылған (республикалық көрсеткіш - 61%).

Облыс прокуратурасымен жүргізілген жүйелі жұмыстардың нәтижесінде №60 және №37 мекемелерінде есепті мерзімде қосымша 8 жеке кәсіпкер жана жұмыс орындарын ашып, жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатқа қосымша модульді жаңа ғимарат салынууда.

№60 мекемеде сотталғандарға күндізгі стационар ашылып, тар буынды мамандардың мекемеге келуі қамтамасыз етілді, телемедицина іске қосылып, 100% сотталған скринингтен өткізілді.

№68 мекемесінің медициналық бөлігіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, штаттық режимде жұмыс жасауда.

Сондай-ақ «Смарт-Білезік» жобасы аясында барлығы 255 білезік сатып алынған. Оның 181-і ағымдағы жылы жергілікті бюджеттен қосымша 34,5 млн. тенге бөлу арқылы сатып алынып іске қосылса, 11 млн. теңгеге қосымша 50 білезік сатып алу жоспарлануда. Профилактикалық шаралардың жиынтығымен қайта қылмыстардың деңгейі 30%-ға төмендеді.

Прокуратура органдарымен 28 тексеріс жүргізіліп, заңдылықты бұзушылықтарды жоюға бағытталған 416 қадағалау 50 кол қою актісі енгізілді

266 мың адамның құқығы қорғалды, оның ішінде 11 мың (11 мың) азаматтың конституциялық құқықтары қалпына келтірілді.

Бұзушылыққа жол берген 2 237 тұлға тәртіптік және әкімшілік жауаптылықтарға тартылды.

5700-ден астам (3167) кәсіпкердің құқығы қорғалды

Жалпы биыл кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны және тексеру жүргізу тәртібін бұзғаны үшін 18 лауазымды тұлға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 173 және 175-баптары бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

56 мыңнан астам көмелетке толмағанның құқықтары қорғалды.

Ағымдағы жылы көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық профилактикасына аса назар аударылды.

Осы орайда прокуратура органдарымен құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында акциялар өткізілді.

Жасөспірімдердің мектеп қабырғасынан құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Adal Bala» цифрлық білім беру порталын іске қостық.

Оқу жылында жүйені 300 мектептің 180 мыңнан астам оқушысы белсенді қолданды.

Жоба оңды нәтиже беріп, жасөспірімдер арасындағы қылмыс 8%-ға ал сунцид 5-тен 3-ке төмендеді.

Жер саласында 9 қадағалау актісі енгізіліп, нәтижесімен 14 тұлға тәртіптік жауаптылыққа тартылды. Кадастрлық 53 жер учаскесі (көлемі 26 мың гектар) мемлекетке қайтарылды.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасының бұзылу фактілері бойынша 25 қадағалау актісі енгізілді. Табиғат қорғау саласында 28 қадағалау актісі енгізілді. Кадастрлық құны 6 су айдындары қайтарылды.

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында прокуратура органдарымен біркатар жұмыстар жүргізілді.

Бірлескен жұмыстар нәтижесінде қоғамдық орындарды ластаған 1300-ге жуық азамат әкімшілік жауаптылыққа тартылып, 157 заңсыз коқыс орындар анықталып, талаптарға сәйкестендірілді.

Прокуратураның үйлестіруімен әкімдік және жеке сот орындаушылар палатасымен бірлесіп ай сайын бос жұмыстар орындарының жәрмеңкесі ұйымдастырылуда.

Айына бір рет «Бос орындар» жәрмеңкесі ұйымдастырылып, бүгінгі күнге дейін жұмыспен 100-ден астам борышкер қамтылды.

Жалпы атқарушылық іс-жүргізу саласында қарыздарды (жалақы, мемлекеттік бюджет, алимент, әкімшілік айыппұл өндіру) азайтуға бағытталған 54-тен астам іс-шаралар өткізілді.

Оның ішінде апта сайын борышкерлердің автокөліктерін тоқтатуға бағытталған рейд, борышкерлердің үйлерін аралап, құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

КӨМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ҚАҢҒЫБАСТЫҚ ПЕН КЕЗБЕЛІККЕ САЛЫНБАЙДЫ

Қызылорда облысында «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайту және «Құқықтық тәрбие – қауіпсіз қоғам кепілі» тұжырымдамасы аясында көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған кешенді профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.

Қазақ халқы ежелден заңға құрмет пен әділдікті жоғары бағалап, жас ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Бүгінде құқықтық мәдениеті жоғары, заңды құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу – құқық қорғау органдарының, білім беру ұйымдарының, ата-аналардың және тұтас қоғамның ортақ міндеті.

Осы бағытта білім беру ұйымдарына бекітілген полиция қызметкерлері мектеп әкімшіліктерімен, педагогтермен және өзге де мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, оқушылар мен ата-аналарға құқықтық сауаттылықты арттыруға бағытталған түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде өткізуде. Кездесулер барысында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, буллинг, топтық төбелестердің жолын кесу, интернет қауіпсіздігі, ата-аналардың жауапкершілігі және өзге да өзекті тақырыптар бойынша 5534 дәріс, кездесу, сұхбат және түсіндіру іс-шаралары өткізілді.

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп «Жасөспірім», «Жасөспірім-2», «Демалыс», «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық іс-шаралары, сондай-ақ «Түнгі қала» және «Квадрат» әдістері бойынша рейдтік жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылуда.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде 2026 жылдың алты айында 6957 әкімшілік

құқық бұзушылық анықталды. Қаңғыбастық пен кезбелікке салынған 155 жасөспірім бейімдеу орталығына орналастырылды.

Заңды өкілдерінің қарауынсыз түнгі уақытта ойын-сауық орындарында немесе тұрғынжайдан тыс жүрген 4635 жасөспірімнің ата-анасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Сонымен қатар балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерін тиісінше орындамаған 791 ата-анаға қатысты әкімшілік хаттамалар рәсімделді.

Көмелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол берген 174 кәсіпкер, сондай-ақ жасөспірімдерге темекі өнімдерін сатқан 29 тұлға заң талаптарына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Балаларының қызметкерлеріне немқұрайлы қарап, ата-аналық міндеттерін дәлелсіз себептермен орындамаған 4 ата-ана сот шешімімен ата-аналық құқығынан айырылып, тағы 4 ата-ананың ата-аналық құқығы шектелді.

Қазіргі таңда ішкі істер органдарының профилактикалық есебіне 75 жасөспірім мен 89 қолайсыз отбасы алынып, олармен жеке профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

Қызылорда облысы Полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Серік Ерғешов:

– «Заңды құрметтеу – өркениетті қоғамның басты қағидаты. Жасөспірімдердің құқықтық санасын қалыптастыру тек полицияның емес, ата-ананың, мектептің және бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Біз құқық бұзушылықтың салдарымен күресуден бұрын оның алдын алуға басымдық береміз. Әрбір бала қауіпсіз ортада өсіп, заңды сыйлайтын, ел болашағына жауапкершілікпен қарайтын азамат болып қалыптасуы тиіс. Бұл бағыттағы профилактикалық жұмыстар алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасады», – дейді.

Қызылорда облысы Полиция департаменті көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы кешенді жұмыстарды алдағы уақытта да жергілікті атқарушы органдармен, білім беру ұйымдарымен және жұртшылықпен бірлесіп жалғастырады.

ЖАУАПСЫЗ АТА-АНАЛАРҒА ХАТТАМАЛАР ТОЛТЫРЫЛДЫ

Демалыс күндері Қызылорда облысында «Заң мен тәртіп» қағидаты және «Саналы ұрпақ» жобасы аясында көмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кешенді профилактикалық рейд ұйымдастырылды.

Іс-шараға Қызылорда облысы Полиция департаментінің, облыстық білім басқармасының, балалардың құқықтарын қорғау басқармасының және облыстық прокуратураның қызметкерлері қатысып, тұрғындар арасында кең көлемді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Рейд барысында бала қауіпсіздігіне қатысты өзекті мәселелерге ерекше назар аударылды. Ата-аналарға балалардың терезеден құлап кетуінің алдын алу, судың қауіпсіздік талаптарын сақтау, жазғы демалыс кезінде балаларды қараусыз қалдырмау және олардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алу жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

ҚЫЗЫЛОРДА ТҰРАҚТЫ ТАЗАРУДА

Қызылорда облысы Полиция департаментінің қызметкерлері қала аумағында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында профилактикалық іс-шараларды тұрақты түрде жүргізуде.

Акция барысында қоқысты белгіленбеген орындарға тастау, ортақ пайдалану орындарын ластау және абаттандыру қағидаларын бұзу деректері анықталып, құқық бұзушыларға қатысты заң талаптарына сәйкес тиісті әкімшілік шаралар қабылдануда.

Іс-шаралар Қызылорда қаласы әкімдігі мен «Қызылорда тазалығы» мекемесінің қатысуымен ұйымдастырылған арнайы жұмысшы топтардың бірлескен рейдтері арқылы жүзеге асырылуда. Тексеру барысында біркатар кәсіпкерлік нысандарда

Сонымен қатар бірлескен топтар ойын-сауық орындары мен компьютерлік клубтарды аралап, көмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдеріңіз жүру деректерін анықтау және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында бақылау жұмыстарын жүргізді.

Профилактикалық іс-шаралар нәтижесінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 132-бабының 2-бөлігі бойынша 3 дерек, ал 442-бабы бойынша 101 көмелетке толмағанның құқық бұзушылық жасағаны анықталды. Олардың заңды өкілдеріне әкімшілік хаттамалар рәсімделді.

Сондай-ақ ӘҚБтК-нің 127-бабы бойынша балаларды тәрбиелеу, олардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін тиісінше орындамаған 5 ата-анаға (заңды өкілге) қатысты әкімшілік хаттамалар толтырылды.

санитарлық және абаттандыру талаптарының сақталмағаны анықталып, учаскелік полиция инспекторлары тарапынан түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, заң талаптарын сақтау жөнінде ескертулер берілді.

2026 жылдың алғашқы алты айының қорытындысы бойынша абаттандыру қағидаларын бұзудың 5590 дерегі, ал ортақ пайдалану орындарын ластауға қатысты 2319 әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді.

Акция аясында 23 мобильді топ құрылып, 5387 рейдтік іс-шара өткізілді. Сонымен қатар, учаскелік полиция инспекторлары тұрғындармен және кәсіпкерлік субъектілерімен тұрақты түрде профилактикалық кездесулер өткізіп, тазалықты сақтау мен экологиялық жауапкершілікті арттыру бағытында түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

Айта кету қажет 2026 жылғы

ТӘРТІП ПЕН ТАЗАЛЫҚ — ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК


Қызылорда қаласында 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген «Қалалар мен елді мекендердің аумағын абаттандырудың үлгілік қағидасын тұрғындарға кеңінен түсіндіру мақсатында рейдтік іс-шаралар өткізілді.

Іс-шара барысында тұрғындар арасында санитариялық талаптарды сақтау, қоғамдық орындардың тазалығын қамтамасыз ету, тұрмыстық

қалдықтарды арнайы контейнерлерге орналастыру, сондай-ақ құрылыс және тұрмыстық қалдықтарды белгіленбеген орындарға төгуе жол бермеу мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Негізгі мақсаты – елді мекендердің санитариялық жағдайын жақсарту, қоршаған ортаның тазалығын сақтау және тұрғындардың экологиялық мәдениетін арттыру.

Кітапхана



Мұхтар МАҒАУИН

Қорғасындай толықсып, жарым көк-жиекті жасырған ұлы өзеннен өттік. Байтақ Сібірге ендік. Эшелон әулие Петр мен әулие Павелдің атындағы сиықсыз қалашыққа тоқтады. Мен темір торлы терезеден алғаш рет тірі киргизды, яғни кәдімгі қазақты көрдім. Жадау киімді бірнеше жүкші. Тарихтан оқығанымды еске түсірдім. Иә, Сібірді Ермак жаулаған. Бірақ киргиз, яки казак даласына ұзақ уақыт бойы тіс батпаған. “Кең даланы саны мол, аса жауынгер көшпенділер иеленіп отыр, түстікке қарай қадам басу мүмкін емес... Ермактың жолын қуған воеводалардың бірінің Борис Годуновқа, әлде Михаил Романовқа жолдаған ақпары. Миллер, әлде Фишер... Фишер. Фишердің тарихынан. Жадым бұрыңғыша, есім түзу. Иә. Многочисленные и воинственные...” “Прогрессшіл” (кейінгі тарихтың бағасы) жасақты ата мекен жеріне енгізбеген. Ақыры... империя құрамына қосылды. “Фелица...” “Богородицная царица -Киргиз-Кайсацкия Орды, - Которой мудрость несравненна...” Сол даналықтың аркасында, кеше ғана ат құлағында ойнап, кең далада еркін шапықлап жүрген номад бүгін құдайы бөтен жұрттың өзінен аударып алған қаласында (біздің авторымыздың бұл дерегі онша нақтылы емес: қоныс қазактікі болғанымен, қаланы орнатқан Орыс өкіметі, - М.), өз жерінде, құлдық қамыттын киіп, ауыр теңдерді көтеріп жүр. Сонда да менен бақытты. Бұлар - тірі. Мен – “Өлген үйге” бара жатырмын. Достоевский. Осыған ұқсас... дәл осындай сөзі бар. Анау - өзеннің арғы бетінде, малын бағып, киіз үйін тігіп, отын маздатып отырған киргиздар да менен бақытты деген. Мына киргиздар басқашар... Кенет маған темір тор - менің тереземе емес, бүкіл қырғыз-қайсақ жұртының алдына тартылғандай көрініп кетті. Сол сәтте, ол де сәл кейін-рек, әйтеуір сол күні мен өзімнің кім болғандымы есіме алдым. Өзімді қайтадан еркін сезіне бастадым. Великоросс халқына ғана емес, сол халықпен тағдырлас барлық жұртқа - Ұлы Россияға азаттық әпермек болып, қаруға жүтінген мына мен - ежелгі алтын әулеттің асыл сынығы - өз басымды да арнайыш алмай, айдауға кетіп барамын. Күлжілі еді. Табиғат заңына қайшы, ақылға сыймас е ісі. Мен өзімнің алдымда ұзақ өмір тұрғанын түйсіндім. Көп ұзамай қапастан құтылатынымса сенім пайда болды.

Еуро-азиялық ортағасырлық қалашық-та, тұйық жолда екі күн тұрдык. Мен - күні кеше ғана тандаулы жандарм офицерлерін өз қолыммен жаһаннамға аттандырған социал-революционер - үйшіктегі итше шұжарға өлуте тиіс емеспін; қатесіз жүзеге асатын, өте қарапайым, әрі тамаша жоспар ойлап таптым. Сол күні ішім бұзылды. Ішім бұзылғаны - бітеу әже-жанының төбесіндегі ашық желдеткіш екі дүниенің біріне тұра бастар кең қақпа болып көрінген. Тек секіріп іліну керек, тартылып шығу керек. Қанша әлсіресем де, соңғы күндерде аз-маз оңалғам, бұған шамам жететінін андадым. Тағы бір керегі - ең басты шарт - екі минут уақыт еді. Орайлы сәт келер күні, біздің қожалақ - эшелон шайкала салдырлап, Сібірдің терең қойнауына қарай бет түзеген шақта, қарағай, қайың аралас орман ішінде туды. Таң атқаннан бері төрт-бес рет шоңқайған тышқакты андыудан жалыққан күзетші биік бұрып, есіктен аулақта махорқа орған. Екі минут емес, бір минут, бәлкім, он бес-жиырма-ақ секундта мен адам айтқысыз күшпен, осы он тоғыз жылдық ғұмырыма дала жұмсаған барлық қайрат-қуатыма паралап серпінмен вагон үстіне шығып үлгердім. Астыдан айқай естілді, ашық терезеден оқ атылды, бірақ мен аяғымда кісен, қолымда қолау болса да, құдайдың кең аспанының астында тұр едім; эшелонды бойлап қашкам жок, секіре ытқып, осы өз вагонымын артқы бұрышына жеттім де, платформаға асыла, созыла тартылып барып төмен қарғыдым. Сүйегім аман сияқты. Жолдың он қабағына, түстік бетке құлағам. Азап пен ажал арқалаған ауыр состав ышқына сартылдап, төбемді тесіп барады. Мен созылып, ұзарып кеткен жаджаның көзден ұшуын күтпейдім. Тұра сала орман ішіне сүнгідім. Бұлталақтағам жок, түстікке қарай жүре бердім. Ет қызуы-мен жолдан бірер шақырмыдай ұзаған соң ғана андадым, кісен шалған қызыл асық жалаңаш шақа, тобықтан, тізеден сақ жер жок, түгел кан. Бет-аузым да бүтін емес сияқты. Ауыр азаппен тағы азғана жүрген соң, қалың тоғай ішіндегі тұнба бұлаққа жуынып алдым, енттігімді басып,

жүрегімді тоқтаттым, бағдарымның дұрысына көзімді жеткіздім, құдайға сыйындым да, кісенімді жинай тартып, сылти басып одан әрі жол шектім. Бұл жақ тұтас орман емес. Яғни, жүріс жеңілдеген. Бақытыма қарай көп ұзамай кеш батты, түн болды, түнмен бірге ай туды; мен қанша қажысам да дамыл таппай, тоғайларды жағалап, қолыма жиып алған кісенім қалың шалғынға оратылып, жығылып-тұрып жүре бердім, жүре бердім. Таңға жақын, түн ортасында, мүмкін, азапты әрбір қадам соншама ұзақ көрінген, кеш батқалы бірер сағат қана өткен шығар, әйтеуір бір заматта әлім құрып, құлап түстім.

Тыныштықтан ояндым. Тыныштықтан және аштықтан. Құлақ жарған тыныштық. Өзек суырған аштық. Тұла бойымның

роман

САРЫ ҚАЗАҚ

зіл тартқанын, кісен қажаған жілінішігімнің шымырлай ауырғанын көзімді ашып, басымды көтергенде ғана андадым. Құлағым шуылдап, мәңгіп аз отырдым. Сол кезде ғана көрдім. Тура бес кадам жерде атты номад, яғни далалық, сол кездің тілімен айтқанда киргиз-қайсақ тұр екен. Мойны жуан, тоқпақ жал торы ат үстінде, жамбастай қисайып, сығырая қарап тұр. Басында құлағы қайрылған тықыр тымак, тақымында ұшы көкке шошайған, ұзыншақ, тұзақты ақ таяғы бар, - кейін білдім, бұл - әдетте жылқы қайыруға арналған, қару ретінде қолдануға да болатын құрал-құрық аталады екен. Атты, құрықты қырғыз-қайсақ маған әлде сынай, әлде мүсіркей қарап аз бөгелді де, тебініп, дәл қасима келді. Былдырылап, тамағынан үн шығарды. Менің түсінігімдегі жабайылардың тілі. Кімсің, қайдан жүрсің деген сияқты. Мен бейбіт пейілімді, дәрменсіз жағдайымды ұғындыруға тырыстым. Онсыз да шамалап тұр. Матаулы халімді, ешқандай қарсылық жасай алмасымды көрген соң жайлап аттан түсті. Қарсы алдыма келді. Мен басымды қорғау үшін қандай амал жасауым керегін ойладым. Қырғыз-қайсақ шолақ жең қамзол киген, ынықты, дембелше кісі екен, бұрынғы қайратым жоқ, оның үстіне, аяқ-қолым бұғаулы, алыса кетсем, шамам жетпесін байкадым. Қапысын тауып, қолымдағы шынжырды мойнына бір ілдірсем, бәлкім, алып жығармын. Білегімде де күш бар, кеше ғана осы білектің арқасында шықтым қапастан. Орынманн ыңырына тұрып, - қозғалар-қозғалмастан өне бойым сықпырап, жілінішім ашып қоя берген, - шынжырлы екі қолымды алға создым. Далалық жабайы ішегін тартып, басын шайқап, бірдене деді. Мен, арамыдғым ішімде, дала-б-дүла кенеп шалбардың балағын көтеріп, сирағымын көрсеттім. Түземдік, сірә, таңырқағаны, жаңы ашығаны болса керек, тандайтын тышқылдапты, терістік жақты нұсақды, қолын сілтеп, ашулы қалыпта бірденелер айтып, - әуеніне қарағанда, онша сыпайы сөздер емес сияқты, - мені арқаға қақты. Иығымнан басып, сүйемелдеп қайта отырғызды. Содан соң сыртқы қалтасынан кішкентай қышқыш алған. Тізерлей еңкейіп, менің кісенімді айналдыра бастады. Сонда ғана ұқтым. Мына түземдік дәл қазіргі сәтте маған жамандық ойлап тұрған жок. Қайта керісінше, бұғаудан босатпақ. Қолындағы қышқыш - өздерінің тұтқындарына, немесе құлдарына салатын кісеннің (кейін білдім, бұл аңғал жұрт тұтқын ұстамайды, құл иеленбейді екен, кісен - жылқы мен түйеге ғана салынады) кілті. Сәйкес келмеді. Қайдан келсін, патша кісені бітеу. Қиратып, кесіп қана ашуға мүмкін. Түземдік тымағын алып, ақ көйлегінің көлендеген жеңімен тақыр басының терін сүртті. Содан соң есіне әлдене түскендей атып тұрып, қанжығардан ағытып, кішкентай тері торсық алды. Аузын шешіп, қолыма ұстатқан. Торсық шикі тері емес, әлденендей бір тәсілмен кептірілген, өңделген қара күрен бығарыдан тігіліпті. Ерніме тақап, дәм татып едім, ашқылтым ақтын ісі келді. Далалықтар жылқының сүтін ішеді деуші еді, сол сияқты. Бірақ мен пақырда сусын, тамақ тандайтын хал жок, торсықтың аузына жармастым. Қышқылтым, салқын сусын бүкіл денеме жаңа қан құйылғандай әсер етті. Бірақ көп ішпедім. Көтере алмаспын дегем. Өйтсе де қимай, тағы бірер жұттым. Әлім кіріп, көзім шырадай жанды. Сол кезде ғана мүлде басқа планетаға түскенімді, басқа бір әлемге енгенімді нақты түйсінген едім. Өзімді бір құдайға ғана тапсырып, қырғыз-қайсақтың еркіне көне беруге бекіндім.

Менің қымызды, - кейін білдім, жаңағы сусын –граф Толстой сонау басқұрт даласына талай рет арнайы барып, жаз бойы жатып ішегін, көшпенді халықтардың Аттила мен Шыңғыс хан заманынан бері келе жатқан дәрі асы – қымыз екен, - сол қымызды ашыркөп-тұшіркенбей ішкеніме және көне – көрнеу әл жинап, қуаттанғаныма риза болған қырғыз-қайсақ оқыс көңілденді. Жан-жағына қарап, ойланып аз отырып, мені атқа қарай жетелеген. Аяқтағы кісен ештеп-септеп жүруге жарағанымен, көлікке минуте жар бермейді, жаңа қамқоршым

аттын алдына, артына шығып, бас қатырып біраз зуреленді де, мені қуатты, қышқаш қолдарымен лып көтеріп, ер үстіне екі бүктеп етпеттей салды. Содан соң бұған да көңілі толмай, екі аяқты бір жаққа салбыратып, көлденең отырғызды, қасқырдың аузындай ірі, аппақ тістерін көрсете, әлде маған, әлде өзіне, бәлкім, тыпыр етпей тұрған, не істесе де көне берген қаба жал, жуан бел атына ризашылықпен, аксия күлді, ымдап көрсетіп, ердің қасынан ұстап отыру қажетін, әйтпесе ауып түсіп қалатынымды ұғындырды. Содан соң құрығын қарына іліп, атты жетектеп, алға түсті.

Қаншама жүргенімді білмеймін, мен қайткенде де құлап қалмауға тырысып, мәңгіріп, кей-кейде санам тұманылып, бүгіліп-созылып әрең отырмын. Бір байқағаным, қиғаш тартып, айналып, көлденендеп келеді. Ақыры, мен әбден шаршап, шыдамым тәусылып, аттан ауып түсуге жақындаған шақта қалың қарағай ішіне кіріп, ойпаңға тоқтадық.Қайсақ мені туған бауырындай құшақтап, ептен аттан түсірді. Қамзолын шешіп, көк шөп үстіне айқара жазып, үстіне мені жайлап жапқызды. Жең астына бұта, шөп тығып, басымды биіктеді. Қасыма түбінде азғана сұйықтық қалған торсықты қойды. Содан соң күнді көрсетіп, жерлі нұсқап, көзін жұмып қолын ербейдетіп (“Күн батып, түн болғанда ораламын”) қозғалмай осы арада жатуымды

оралам, тіпті шет елге өтем, революциялық күреске біржола, бой шешіп араласам. Солай қиялдап едім. Енді міне, қай жерде бауыздары, қандай құлдық қамытқа жегері белгісіз (бұл тайпа кісі етін жемесе керек, ондай дерек есімде жоқ), қарақшы қайсақ-тарға ерікті тұтқын болып, жер түбіне кетіп барам. Кетіп бара жатып, тағы да дөтімді бекіттім. Бірден зынданға (түпнұсқала “подземная темница” – М.) салмаса, аз-маз ес жиып, күш алсам, қашып шығудың әйтеуір бір ретін табарыма сенген едім.

Таң әппақ атты. Дөңгелене қызарып күн шықты. Қайсақ даласының шын сұлулығын сонда ғана көрдім. Арайлы шапаққа малынған орманды даламен келе жатыр екенбіз. Үйірлеі, созыла, шоқтана біткен, біріне-бірі жалғас қайыңды тоғайлардың ақсары балағы лапыл өрт құшқандай. Алаңқай, айластардағы тұсырылған бітеу шалғын қызыл ала, сары ала өрнектермен түрлене құбылады. Анадайда айдынына қызғылтмн бу үйіріліп, аспанмен шағылыса жалтыраған, жағасы копа, құрақты, дөң-дөңгелек, ойпаң көл көрінеді. Міне, осындай дарқан өлке жартылай жабайы көшпенділерге тиесілі. Әріне, әділет емес. Дәл осы сәтте мен - өз патшалығымды, өз халқымның қалың ортасында жүріп, қылмысты деп жарияланған, бұғаулы

жалаңаяқ, кішкентай ұлдар жалаңбұт, кеуделерінде ғана шолақ жейде. Оңшен кеңқолтық, желгебей киген үлкендер салмақтырақ. Ал әйелдері беттерін бүрке-мейді екен, үй арасында еркін жүретін сияқты, әуестігін жасыра алмаған - әуестігін һәм жанашырлығын. Мені Қапқаз тұтқындарындай зынданға тастамады. Кең дала, зындан қазу – бейнетті жұмыс. Тағы бірде, озық ойлы журналдан оқығаным бар. Бұл қайсақтар өте жалқау халық деп. Зынданы да, түрмесі де жоқ екен. Мені шет жақтағы қонырқай күмбезді киіз шатырға әкеп түсірді. Шатыр іші ағаш тор екен (керегені айтады, - М.). Есікті сыртынан мықтап жапса, ешқайда кете алмайсың. Тек тордың жоғарғы басындағы, қатар-қатар байланған, күмбездің сүйегін құрайтын имек таяқтар арасындағы саңылаулар, егер үстінен бастырған киізінің ішінде ерекше берік бірдене болмаса, тіліп, тесіп, сыртқа шығуға мүмкіндік беретін сияқты. Ал юртаның күмбезі биік, саты қойма-саң, төбедегі тесігіне жету мүмкін емес: Осының бәрін көзім бірден шалды. Бірақ әлім құрыған, дәл қазір қолдан келер қайран жоқ, момақан кейіпте дөңгелек, ирек оюлы киіз кілемге жантайып жата кеттім.

Сол сәтінде үйге басына ақ орамал тартқан жас келіншек кіріп, маған сырлы ағаш ыдыс толы ақ ұсынды. Манағы қышқылым сусын екен. Бөліп-бөліп екі-үш ұрттап, қайырып бердім. Келіншек қасын керіп, қабағының астымен таңдана қарап, ыдысын алды да, басыма күпсек жастық тастады. Қайтадан жантайып үлгермедім, осы үйдің иесі болса керек, мені тұтқындаған дембелше қайсақ келген. Қасында, ең үлкен қожайын сол сияқты, мұрты қиылған, сұңғақ бойлы, қымбат киінген жас жігіт бар. Маған кәдімгідей қол беріп амандасты. Көзіме көзін қадап, сәл бөгелген. Жанары өткір, бірақ шуақты екен. Былдырап бірдене айтты. Қорықта, сойып жемейміз, бірақ ішіндіріп-киндіріп, қымбатқа өткіземіз деген сияқты. Әйтеуір ертенгі халім кешегіден жаман болмасын андадым. Мырзаның соның ала тағы екі-үш түземдік кірді. Біреуі – білектері білеудей, ынықты, төртпақ кісі - ұста сияқты, қалғандары терім төс, балға, тағы бірденелерін сүйреткен, көмекшілерге ұқсайды. Қайсақтардың менің аяқ, қолымдағы темір бұғауды бұзбақ ниетін андадым. Жасқылқы нышаны, әріне. Бірақ қуанғам жоқ. Ноқай немелер кісенді үзем деп отырып, сирағымды уатып ала ма деп қауіптенем. Мәселе көшпенді темір-шінің шеберлігіне де байланысты емес. Құдайға шүкір, біздің Россиядағы ең дамыған өндіріс – бұғау жасау, ең сапалы онім – құлдық кісені ғой. Бағыма қарай, қайсақ ұстасының дарбыған қолдары әрі жұмсақ, әрі епті екен, шапқисы өткір, бағасы салмақты болып шықты, жарты сағатқа жетпей, аяқ-қолым босады, патша ағзамның ең сенімді қызметшісі болып кісен бар қуатынан айрылып, салдырған темір кебінде босағаға лақтырылған. Мен қайтадан жантаймақ едім, жас қайсақ қолымнан тартып тұрғызып алды. Тіке ауыл сыртына – көлге қарай жетелесен. Сонымыздан қай бірдеуі ертіп келеді. Тура көл жағасына тірелдік. Мені жерге – тықыр құрақ үстіне тізерлей отырғызды. Содан соң, арттан жеткен екеудің бірі белін-дегі қыннан жүзі қылып тұрған ұзын ақ пышағын сырған. Мен ғұмырымда ештеңеден қорыққан адам емеспін, оның үстіне, бұдан әрі қорқатын, жаныңды әспеттейтін ештеңе қалмаған. Өйтсе де жүрегім суып кетті. Тұра қашсам ба, әлде пышаққа жармассам ба. Тұра қашсам, мына үшеуіне жеткізбей кеткен күннің өзінде онша ұзай алмайсың. Мен ақ өлімді ерлікпен тосып алуға бекіндім. Құдайды ұмытқалы көп болған екен, қапелімде аузыма “Отче наш” түсті, күбірлеп, иманымды айта бастадым. Ажалдан қорықпайтынымды әйгілеп, қарақшыларға қарап, ыржиып күлген болдым. Олар да күлді. Жас қайсақ менің басымнан сипаған “Қазір кесіп аламыз. Ауырмайды...” Содан соң сұр пышақты жөндетке қарап, бірдене деп күлді. Күлді де, тізерлеп менің қасыма отырды. Жөндет қос қолдап алған қол суымен қайсақтың тықыр шашты басын сырылап, ұқалап аз тұрды да ұстарасымен сырылдапты қыра бастады. Жас қайсақтың еуропалықтардан мүлде өзгеше бітімді, шекелі, шықшытты, доп-домалақ басы әп-сәтте артырылған жұмыртқаздай, жып-жылтыр болып шыға келген. Сонда ғана ұқтым. Мына түземдіктер артынан не істесе де, әуелі шашымды алмақ екен. Ал менің шашым ұйыса бытысқан, әртүрлі жиырылақ жөңдіктердің күт мекеніне айналған. Міне, өткір ұстара төбемде сыр-сыр етеді. Кірлеуіт қалың шаш күндей ұйысқан қалыпта тұтасымен сыпырылып, бетімді жанап, алдыма түсе бастады. Мен өзімнен-өзім жиреніп, әрен отырмын. Ақыры, желкеме, самайыма дейін сыпырылып болды. Есіріп, бөртіп кетсе керек, төбе құйқам ашып тұр. Бірақ басым жеңіл, санам тұнық. Енді өзімнің бүкіл денемнен, үсті басымнан жеркеңдім. Көкережим көбіндегі тікенекті кенеп шалар мен түрпідей көйлектің әрбір талшығы бит-бүргеге айналғандай, өне бойым дуылдап, қышып барады. Менің ахуалымды сезгендей, шапшараз қайсақ ұстып-басымды ағытып, шешіндіре бастаған. Тыр жалаңаштанған қалпымда тұра жүгіріп, көлге шомдым. Таяз, асты балдырлы, жып-жылы суға бір сүңгіп шыққан соң-ақ мен өзімнің дүниеге деген танымым, адам атаулыға деген көзқарасым басқа бір қалыпқа көшкенін, алдағы тірлік қандай кепке түссе де, өкінібей өлетінімді ұқтым. Менің сонымды ала жас қайсақ та суға түскен. Қалған екі қызметші де шешінді. Біреуінің қолында жұдырықтай, қал-қара малта тасы бар. Сабды екен. Түземдіктер өз тәсілімен қолдан қайнатқан. Екі жақтап менің үсті-басымды іждағатпен жуа бастады. Ет пен теріні емес, қу сүйекті ысалап жатқандай.

(Жалғасы бар)

Сұрағым бар...

ЖЕКЕ КЛИНИКАДА ЖҮРЕККЕ ОТА ТЕГІН ЖАСАЛУДА МА?

Бүгінде заманауи хирургиялық оталар тек мемлекеттік стационарларда ғана емес, Қызылорда облысындағы жекеменшік медициналық ұйымдарда да қолжетімді бола түсуде. Бұл әсіресе медициналық көмекке жүгінудің ең жиі себептерінің бірі болып саналатын жүрек-қан тамырлары ауруларына шалдыққан пациенттер үшін маңызды.

Осындай медициналық орталықтардың бірі – «Денсаулық групп» клиникасы. Бір жарым жыл ішінде мұнда жүректің ишемиялық ауруы, стенокардия, артериялық гипертензия, ишемиялық кардиомиопатия және басқа да жүрек-қан тамырлары жүйесі ауруларымен ауыратын өңірдің шамамен 1,5 мың тұрғыны ем қабылдаған. Қажет болған жағдайда пациенттер Емдеуге жатқызу бюросының порталы арқылы қайта емделуге жолдама ала алады.

Сырдария ауданының тұрғыны Темірбай Сағынай міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің арқасында қажетті көмекті тегін алғанын айтты.

-Екі жыл бұрын осы клиникада маған стентттеу ота жасалды. Қазір дәл осындай екінші отаға дайындалып жатырмын. Мен зейнеткермін, МӘМС

МЕКТЕПТЕРДЕ МЕДИК ОРНЫНА ЖИ БОЛАДЫ МА?

Қазақстанда мектеп оқушыларының денсаулығын жасанды интеллект бақылайды

Арнайы медициналық құрылғылар баланың денсаулығына қатысты 15 түрлі көрсеткішті анықтай алады.

Елордада Astana Hub-тың MedHub HQ жобасы іске қосылды. Ол мектеп оқушыларының денсаулығын жасанды интеллект технологияларының көмегімен бақылауға мүмкіндік береді.

Жаңа жоба медициналық старт-аппарты қолдауға, жеке мәліметтері жасырылған медициналық деректермен қауіпсіз алмасуға және денсаулық сақтау саласын цифрландыруға бағытталған. Оның авторларының айтуынша, бүгінде медицина саласындағы старт-аппардың жартысына жуығы қажетті инфра-құрылымның жоқтығынан толыққанды дами алмай отыр. Сондықтан жаңа платформа инновациялық жобаларды дамытуға және оларды тәжірибеге енгізуге мүмкіндік береді.

Жоба аясында іске қосылған цифрлық платформаар мектеп оқушыларының профилактикалық медициналық тексерулерін автоматтандырады. Арнайы медициналық

жүйесінде сақтандырылғанмын. Денсаулығымды дер кезінде күтуге мүмкіндік бергені үшін алғысымды білдіремін, – дейді ардагер.

Шиелі ауданының тұрғыны Күнімжан Мадиева да жүрек ауруымен бес жылдан астам уақыт бойы күресіп келеді. Ол жақында қайтадан стенттеу отадан өткен.

– Емхананың жолдамасымен коронарографиядан өттім, содан кейін маған стентт қойылды. Бірнеше жылдан соң басқа зақымданған қан тамырына қайта араласу қажет болды. Қазір өзімді жақсы сезінемін, тексерулер мен емді тегін алып жатырмын. Баршаңызды МӘМС жүйесінде сақтандырылған болуға шақырамын, – дейді пациент.

Аз инвазивті емдеу әдістері ағзаға түсетін жүктемені айтарлықтай азайтып, асқыну қаупін төмендетуге және қалпына келу мерзімін қысқартуға мүмкіндік береді. Отадан кейін пациенттер клиника мамандарының бақылауында болып, бұл емнің тиімділігін арттыруға және ықтимал асқынулардың алдын алуға ықпал етеді.

Медициналық көмек тегін медициналық көмектің кепілдік берілген

көлемі және МӘМС жүйесі аясында көрсетіледі. 2026 жылы аталған қызметтерді көрсету үшін «Денсаулық групп» клиникасына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорынан 316 миллион теңгеден астам қаражат бөлінді.

Клиника бөлімшесінің меңгерушісі Ринат Исабайдың айтуынша, МӘМС жүйесінсіз жоғары технологиялық медициналық қызметтердің құны айтарлықтай жоғары. Сондықтан «сақтандырылған» мәртебесінде болу маңызды.

- Стентттеу отаның құны шамамен 1,7 миллион теңгені құрайды. Күндізгі стационар жағдайындағы коронарографияның құны – 170 мың теңге, ал тәулік бойғы стационарда – 425 мың теңге. Бұдан бөлек, қатар жүретін ауруларды да емдейміз. Емдеу мерзімі 10 күнге дейін созылуы мүмкін, – деді дәрігер.

МӘМС жүйесіндегі жекеменшік сектордың дамуы жоғары технологиялық медициналық көмектің қолжетімділігін арттырып, өңір тұрғындарының жүрек-қан тамырлары ауруларын сапалы әрі елеулі қаржылық шығынсыз ем алуына мүмкіндік беріп отыр.

БІЛІМ ГРАНТЫН ҚАНДАЙ ҚОСЫМШАЛАРДАН БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

еGov.kz порталында және еGov Mobile мобильді қосымшасында

білім беру гранттарын тағайындауға өтінім қабылдау басталды
13 шілдеден бастап еGov Mobile мобильді қосымшасы мен еGov.kz порталында білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтінім қабылдау басталады. Құжаттарды онлайн түрде 13 шілде сағат 09:00-ден 20 шілде сағат 18:00-ге дейін тапсыруға болады. Быыл қызмет жаңартылды. Енді жүйе талапкерге мемлекеттік білім беру грантының конкурстан тыс тағайындалғанын автоматты түрде тексереді.

Тексеру Ұлттық тестілеу орталығының мәліметтері негізінде автоматты түрде жүргізіледі. Егер талапкерге мемлекеттік білім беру гранты конкурстан тыс тәртіппен бұрыннан тағайындалған болса, жүйе бұл туралы өтінім беру кезінде хабарлайды. Мұндай жағдайда еGov.kz порталы немесе еGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы қайта өтінім беру қажет болмайды.

Қалған талапкерлер өтінімді жалпы тәртіппен береді. Егер талапкер жеңілдік санатына жатса, өтінім беру кезінде тиісті мәртебе көрсетіледі және автоматты түрде расталады.

Өтінімді онлайн беру үшін пайдаланушыға:
еGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Азаматтарға» – «Білім» – «Жоғары білім» бөліміне кіру;
«Білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» қызметін таңдау;
«Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басу;
міндетті жолдарды толтырып, сұрау салуға қол қоюдың қолжетімді тәсілдерінің бірі арқылы қол қою;
жеке кабинетте өтінімнің мәртебесін қадағалау.
Өтінімнің өңделгені туралы хабарлама «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде

БАЛАҒА АУДАРЫЛҒАН АҚША АҚПАРАТЫН ҚАЛАЙ БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

18 жасқа толмаған баланың бағдарламаға қатысуы туралы ақпаратты оның атанасы және өзге де заңды өкілдері **kids.enpf.kz** сайтында баланың ЖСН бойынша, **еGov.kz** электрондық үкімет порталындағы жеке кабинетте, сондай-ақ **еGov Mobile** және кейбір екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында тексере алады.

Егер балаларға 2025 есепті жылы есептелген нысаналы талаптар туралы ақпарат көрсетілмесе, онда мобильді қосымшалардағы **құжаттарды төменде көрсетілген жолмен жаңарту қажет:**

еGov Mobile қосымшасында: «Цифрлық құжаттар» - «Отбасы» - «Құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер»; екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында, мысалы Kaspi.kz: «Мемлекеттік қызметтер « - «Барлық құжаттар» - «Құжаттар тізімін жаңарту» - «Ұлттық қордан есептеулер».

Быыл 18 жасқа толған немесе толатын балаларға есептелген нысаналы талаптар туралы мәліметтердің заңды өкілдің жеке кабинетінде көрсетілмеуі нысаналы талаптардың нысаналы жинақтарға (НЖ) айналуына байланысты. Осыған орай, есептелген **қаржы туралы ақпаратқа қол жеткізу құқығы тікелей НЖ алу-**

көрсетіледі.
еGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы өтінім беру тәртібі де осыған ұқсас.
Өтінім қабылдау кезеңінде жүктеме жоғары болған жағдайда еGov.kz порталы пайдаланушылар ағынын электрондық кезек арқылы реттейді. Электрондық кезекке қосылғаннан кейін пайдаланушының кезегі келгенде жүйе қызметке автоматты түрде қолжетімділік береді. Кезекті қолмен бақыламау үшін «Кезектің жақындағаны туралы SMS арқылы хабарлау» чекбоксын белгілеуге болады. Хабарлама мобильді азаматтар базасында тіркелген телефон нөміріне 1414 нөмірінен жіберіледі. Егер телефон нөмірі базада тіркелмеген болса, оны қолмен енгізуге болады. Қүту барысында браузер қойындысын жабуға немесе жаңартуға болмайды, әйтпесе пайдаланушы кезектегі орнынан айырылады.

Өтінім бергеннен кейін талапкер еGov.kz порталындағы жеке кабинетінде **білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысқаны туралы электрондық анықтамa** алады.

Конкурс қорытындысы бойынша талапкерге білім беру грантының тағайындалғаны туралы электрондық сертификат беріледі. Ол 10 тамыздан кешіктірілмей еGov.kz порталындағы жеке кабинетте қолжетімді болады. Егер конкурс нәтижесі бойынша білім беру гранты тағайындалмаса, жеке кабинетке бас тарту туралы ақпарат қамтылған хабарлама жіберіледі.

Қызмет Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның және КР Ғылым және жоғары білім министрлігінің қатысуымен іске асырылды.

«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті

ТУДЫ ІЛУДІҢ ТӘРТІБІ ҚАНДАЙ?

Енді Туды ғимараттарға, оның ішінде балкондарға да 45 градус бұрышпен ілуге болады. Бұл мүмкіндік заңнамада 2020 жылдан бері қарастырылғанымен, балконға орналастыру тәртібі осы уақытқа дейін нақты айқындалмаған еді.

Жаңа талаптарға сәйкес жеке тұрғын үйлерде Ту жерден кемінде үш метр биіктікте орналаусы тиіс. Бұрын міндетті болған түнгі жарықтандыру талабы алынып тасталды. Егер ғимараттың сәулеттік немесе техникалық ерекшеліктеріне байланысты Туды қасбетке орналастыру мүмкін болмаса, оны үй аумағындағы жеке ту тұғырына (флагштокка) орнатуға рұқсат етіледі.

Мемлекеттік Ту жерге, еденге, суға немесе басқа да заттардың бетіне тимеуі қажет. Ал Ту тік ілінген жағдайда ұлттық ою-өрнек матаның жоғарғы бөлігінде орналасуы тиіс. Сонымен қатар Туды коммерциялық мақсат көзделмеген жағдайда мәдени, спорттық, қоғамдық және өзге де іс-шараларда пайдалануға рұқсат беріледі. Сондай-ақ зан талаптары сақталған жағдайда Туды көлік салонында орналастыруға болады.

Мемлекеттік Туға қатысты тыйымдарда бар. Өні кеткен, жыртылған, кірлеген немесе басқа да зақымдары бар Туды пайдалануға жол берілмейді. Сондай-ақ мемлекеттік рәмізді әдейі бүлдіруге,

жоюға, өртеуге, жыртуға, жерге тастауға немесе оның қадір-қасиеті мен мәртебесіне нұқсан келтіретін өзге де әрекеттер жасауға тыйым салынады.

Сондай-ақ, Туды жарнамалық мақсатта пайдалануға, оны киім-кешекке, төсек-орын жабдықтарына, пердеге, дастарқанға, төсенішке және тұрмыстық мақсаттағы басқа да бұйымдарға орналастыруға болмайды.

Туды спорттық киімде қолдану. Енді Тудың бейнесін спортшылардың киімі мен спорттық жабдықтарында пайдалануға рұқсат етілді. Бұған дейін заңнамада спорттық киімде тек елтаңбаны қолдануға мүмкіндік берілген болатын. Енді бұл норма Туға да қатысты қолданылады. Спорттық киімдер қатарына футболкалар, спорттық костюмдер, бейсболкалар, кеппалар және өзге де спорттық киім үлгілері кіреді. Қазақстанда Мемлекеттік Туды пайдалану ережесі өзгерді: нені білу керек Енді балконға Мемлекеттік Туды ілуге болады.

Бұдан бөлек мемлекеттік рәміздерді ресми интернет-ресурстарда, стендтерде және плакаттарда орналастырудың бірін-ғай тәртібі бекітілді. Алдымен Мемлекеттік Ту, кейін Мемлекеттік Елтаңба, содан соң Мемлекеттік Әнұран мәтіні орналас-тырылуы тиіс. Ал стендтердің фоны көк түсті, жазулары алтын түстес болуы қажет.

салымын толықтыру (894,12 мың АҚШ долларына 6 153 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезен немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (335,33 мың АҚШ долларына 2 175 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша қазақстандық бір балаға **130,71 АҚШ доллары** кезекті есептеу жүргізілді. 2024 жылы – **129,38 АҚШ доллары**, 2023 жылы - **100,52 АҚШ доллары** мөлшерінде қаражат аударылған болатын.

18 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын Ұлттық қордан бөлінетін сомалар олардың БЖЗҚ-да ашылған шоттарында ескерілетін нысаналы талаптар түрінде есептеледі. Бұл ретте, заңнамаға сәйкес, жас қазақстандықтарға есептелген сомалар Ұлттық қор активтерінің құрамында қалады және инвестициялануы жалғастырады. Одан әрі инвестициялау нәтижесінде жыл сайын әрбір баланың нысаналы талаптарының сомасы **алынған инвестициялық табыс есебінен қосымша өседі.**

Нәтижесінде бағдарламаға қатысатын балада барлық жинақталған нысаналы талаптардың жиынтық сомасы (жыл сайын қосымша есептелетін инвестициялық кірісті қоса алғанда)**:**

- үшінші жыл - **370 доллар 56 цент;**

- екінші жыл - **263 доллар 93 цент;**

Бірінші жыл қатысып отырған баланың шотында **130 доллар 71 цент.**

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы

АҚЫЛЫ ЖОЛДА ҚАТТЫ ЖҮРУГЕ БОЛАДЫ МА?

Үш республикалық автожолда ақылы жүйе іске қосылды

«ҚазАвтоЖол» жаңа ақылы жолдар мен жылдамдық шектеулерін жариялады.

Қазақстанда 10 және 11 шілдеден бастап тағы үш республикалық автожол учаскесінде ақылы жүйе іске қосылды.

Ақылы режим енгізіледі:

10 шілдеден бастап «Қарағанды – Балқаш – Бұрылбайтал» автожолында. Бұл бағыт бойынша жылдық абонементті Бұқар жырау, Абай, Шег, Ақтоғай, Мойынқұм

ТЕМЕКІНІҢ ЕҢ ТӨМЕНГІ БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАЙДЫ МА?

Қазақстанда темекі өнімдерінің ең төменгі бөлшек сауда бағасын көтеру жоспарланып отыр. Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше қазіргі уақытта темекі қорбаының ең төменгі бөлшек сауда бағасы 970 теңгені құрайды. Жаңа жобаға сәйкес темекінің ең төменгі бағасы 1060 теңгеге дейін артады.

Сүзгісі бар темекілер; сүзгісіз темекілер; папиростар; сигариллалар; қыздырылатын темекі өнімдерінің бағасы өседі.

Темекі өнімдерінің бағасын мемлекеттік реттеу халықтың денсаулығын қорғауға және Қазақстанның халықаралық міндеттемелерін орындауға бағытталған.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!



ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің тұратын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша **сағат он сегізде** тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

ҚЫЗЫЛОРДА: 386 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ

Орталық сайлау комиссиясы Құрылтай сайлауына арналған Күнтізбелік жоспарды бекітті. Жалпы науқанды ұйымдастырудың ұзақтығы 54 күнді құрайды. 12 күн саяси партиялардың құжаттарын ұсынуға бекітілсе, 29 күн үгіт кезеңіне арналады.

22 тамыз – тыныштық күні, 23 тамыз – дауыс беру күні.

Қазіргі таңда сайлауды ұйымдастыру мәселелеріне қатысты дайындық жұмыстары жүргізілуде.

2026 жылғы 11 шілдеге дейін аумақтық және учаскелік сайлау комиссиясының құрамдарын жариялау көзделген. Бұл ретте 9 шілде күні облыстық және аудандық басылымдарда комиссия құрамын БАҚ-та жариялады.

Сонымен бірге әкімдіктер сайлау учаскелерінің шекараларын жариялайтын болады.

– Қызылорда өңірінде 9 аумақтық, 386 учаскелік сайлау комиссиясы жұмыс жасайды. 9 аумақтық сайлау учаскесінде 63 комиссия мүшесі тұрақты түрде қызмет атқарса, 386 учаскеде 2720 сайлау комиссиясының мүшесі бар.

Өңірдегі 386 учаскенің 132-і Қызылорда қаласында, қалғаны аудандарда.

Аймақта 500 926 дауыс беруші азамат тізімге енгізілген. Тұрғындардың тізімі 2 тамызға дейін өзектендіріліп, тиісті учаскелерге ұсыналады. Әрі қарай учаскелер дауыс беруші азаматтар тізімімен жұмыс жүргізеді,-дейді Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсултанов.

Құрылтай сайлауын өткізуге жауапты комиссия мүшелерін оқыту кезең-кезеңімен жүзеге асады.

САЙЛАУ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

САЯСИ ПАРТИЯЛАР СЕМИНАРЫ

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының алдағы сайлауына дайындық аясында саяси партиялардың облыстық филиалдарының өкілдеріне арналған оқыту семинарын өткізді.

Іс-шараның мақсаты – Қазақстан Республикасының сайлау туралы заңнамасына енгізілген өзгерістерді түсіндіру, Құрылтай депутаттарын сайлауды ұйымдастырудың өзекті мәселелерін талқылау және сайлау науқанын өткізу тәртібіне қатысты заңнамалық нормаларды жан-жақты түсіндіру.

Семинарға еліміздегі барлық жеті саяси партияның Қызылорда облыстық филиалдарының төрағалары мен өкілдері қатысты.

Жиынды ашқан Қызылорда облысының аумақтық

сайлау комиссиясының төрағасы Әділбек Ерсултанов алдағы сайлау науқаны заңдылық, ашықтық, жариялылық және алқалалық қағидаттары негізінде ұйымдастырылатынын атап өтті. Сондай-ақ, Құрылтай депутаттарын сайлау барысында сайлау заңнамасының талаптарын қатаң сақтау, саяси партиялардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету – сайлау комиссиялары жұмысының негізгі басымдықтарының бірі екенін түсіндірді.

Семинар барысында қатысушыларға сайлау науқанының негізгі кезеңдері мен заңнамалық талаптары бойынша үш тақырыптық баяндама ұсынылды.

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы Аяғөз

Сырлыбаева «Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауының ерекшеліктері» тақырыбында баяндама жасап, сайлаудың құқықтық негіздері, ұйымдастыру тәртібі және заңнамадағы жаңашылдықтарға тоқталды.

Комиссия мүшесі Абай Тағыберген «Құрылтай депутаттарын сайлау науқаны кезеңінде саяси партиялардың сенім білдірген адамдары мен байқаушыларының жұмысын ұйымдастыру мәселелері, үгіт жүргізудің тәртібі» тақырыбында сөз сөйлеп, сайлау процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері, үгіт жүргізудің заңнамалық талаптары және байқаушылар қызметінің ерекшеліктерін түсіндірді.

Ал комиссия мүшесі Берлібек Ахмет

«Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттығына кандидаттарды мемлекеттік және мемлекеттік емес қаржыландыру мәселелері» тақырыбында баяндама жасап, сайлау қорларын қалыптастыру, қаржылық есептілік және қаржыландырудың заңда белгіленген тәртібі жөнінде жан-жақты ақпарат берді.

Семинар барысында қатысушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, сайлау процесін ұйымдастырудың практикалық мәселелері бойынша пікір алмасты.

Аумақтық сайлау комиссиясы алдағы уақытта да сайлау процесіне қатысушылардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жалғастырады.

САЙЛАУҒА ҚАТЫСУ ҚАНША ТҰРАДЫ?

Спикер лауазымының беделі креслоның мәртебесінен емес, сол креслода отырған тұлғаның саяси және интеллектуалдық салмағынан туындауы тиіс. Танымал тұлғаларды жинап, оларды үнсіз отыратын статистикалық мүшеге айналдыру қиындық тудырмайды. Танымалдылық заң шығару қызретінің баламасы емес. Әнші, спортшы, блогер немесе қоғам қайраткері Парламентке келе алады, бірақ мандат алған сәттен бастап оның негізгі капиталы танымалдығы емес, кәсібилігі мен мемлекеттік ойлау қабілеті болуы тиіс. Парламент атактыларды жинайтын көрме емес. Іс жүзінде бұған дейін Парламент саяси элита үшін зейнетке шығар алдындағы «күту залы» іспетті болды. Бұл орын бұдан бытлай бұлайша ыңғайлы әрі жайлы болуын тоқтатуы тиіс.

Әлем қазір жаһандық сауда соғыстары, технологиялық текетірістер, су мен энергия тапшылығы, инвестиция мен капитал үшін аяусыз күрес жағдайында тұр. Мемлекеттер технология, жасанды интеллект, жартылай өткізгіштер, сирек металдар, көлік дәліздері үшін бәсекеге түсіп жатыр. Әлем болашақтың экономикасын бөлісіп жатқанда, біздің саяси талқылауларымыз кейде әлі де туыстық байланыстар мен бейресми ықпал картасын зерттеуден аса алмай жатады. Бұл мемлекеттің алдында тұрған міндеттердің ауқымы мен саяси дискурстың деңгейі арасындағы қауіпті алшақтық. Жаңа Парламенттің басты қауіп оппозицияның болуы немесе өткір сын айтылуы емес. Басты қауіп оның тым «стерильді», яғни мінсіз таза, жасанды болуында. Саяси институттың өміршеңдігі онда қайшылықтың болмауымен емес, сол қайшылықтарды өркендетті, кәсіби және мемлекеттік мүдде тұрғысынан шеше алу қабілетімен өлшенеді. Тірі қоғамда пікір қайшылығы болады. Күрделі мемлекетте мүдделер қаттығысы болады. Ал олардың бәрін үнсіздікпен бүркемелеу тұрақтылық емес, кейінге қалдырылған дағдарыс болуы мүмкін. Өйткені Парламенттің құндылығы дауыс беру батырмаларының санымен емес, сол дауысқа дейінгі пікірталастың сапасымен өлшенеді. Депутаттық мандат билікке көрсеткен «адальдығы мен лоялдығы» үшін берілетін мемлекеттік сыйлық емес. Бұл қоғам мен билік арасындағы үлкен

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА

386

УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ
ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ

386 2720 500 926

УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясы

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

2026 Жылғы
23 ТАМЫЗДА

Қазақстан Республикасы
Құрылтайының депутаттарын
сайлау өтеді

Қазақстан Республикасының Құрылтайы – еліміздің заң шығару билігін жүзеге асыратын жоғары өкілді органы

Құрылтай депутаттары 5 жыл мерзімге сайланады

Құрылтайдың құрамына партиялық тізім бойынша сайланатын 145 депутат кіреді

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі

25 жасқа толған және елдің аумағында соңғы 10 жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады

Партиялық тізімге енгізілген әйелдердің, жастардың, мүгедектігі бар адамдардың жиынтық саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс

Партиялық тізімдегі адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

Сайлаушылардың тұрғылықты жері бойынша тізімді жергілікті атқарушы орган жасайды

Сайлаушылар тізіміне белсенді сайлау құқығына ие, тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша тіркелген

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТАРЫ ЕНГІЗІЛЕДІ

Жергілікті атқарушы орган уақытша тіркелген азаматтарды өтінішінің негізінде

2026 жылғы 23 шілдеге дейін

Бұл ретте әкімдік азаматты сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша тізімнен шығаруды ұйымдастырады

Осы құқықты дауыс беру күні тіркелген жері бойынша сайлаушылар белгілі сайлаушылар орта арнаулы және жоғары оқу орындарында оқып, басқа өңірден келген студенттер

пайдалана алады

Тізімге енгізілгендігі туралы деректерді тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы

арқылы білуге болады

2026 жылғы 7 тамыздан бастап

өздері туралы деректердің сайлаушылар тізіміне енгізілгенін тексеру мүмкіндігі беріледі

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz

келісімшарт. Сондықтан мен жаңа Парламенттен билікке «ыңғайлы адамдарды» емес, қоғам атынан «ыңғайсыз сұрақтар» қоя алатын ыңғайсыз тұлғаларды көргім келеді. Нағыз депутаттың міндеті барлық кабинетке бірдей жағымды болу емес. Оның міндеті қоғам үнсіз қалуға мәжбүр болған жерде сұрақ қою, жауап болмаған жерде жауап талап ету және танымал емес шешімнің өзінен мемлекеттік мүддені іздеу. Күшті мемлекет сыннан әлсіремейді, сапалы сыннан күшейеді. Күшті Парламент пікірталастан қорықпайды, пікірталас арқылы дұрыс шешімге келеді. Қазақстанға үнсіздікті тұрақтылық деп түсіндіретін саяси мәдениет емес, жауапкершілікті еркін пікірмен ұштастыра алатын жаңа мемлекеттік мәдениет қажет».

Сарапшының осы сараптамасында көптің көкейіндегі көп сұрақтың жауабы бары рас.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

Қазақстан Республикасының азаматтары тұрғылықты жері бойынша сайлаушылар тізіміне енгізіледі

Сайлаушы өзінің болатын орнын ауыстырса жазбаша өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІН АЛА АЛАДЫ

Есептен шығару куәлігі дауыс беру күніне

15 күн қалғанда

немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап беріледі

Сайлаушылар тізіміне тиісті белгі қойылады

Сайлаушы сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде

есептен шығару куәлігін жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда

Қалпына келтірілмейді Телнұсқасы берілмейді

Есептен шығару куәліктерін беру

22 тамызда сағат 18.00-де тоқтатылады

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы www.election.gov.kz

Учаскелік сайлау комиссиясы сайлаушыны сайлаушылар тізіміне енгізеді және дауыс беруге арналған билеттерін береді

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға болады. Сенімхатты нотариаттық куәландыру талап етілмейді

Есептен шығару куәлігі бір елді мекен шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді